



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕПУТАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАРУЫ – СӨЗІ



Қазақстанның саяси тарихында жаңа кезең басталды. 28 тамызда Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың алғашқы сессиясы өтті. Бұл – кезекті парламенттік маусымның ашылуы ғана емес, жаңа Конституция негізінде қалыптасқан бір палаталы заң шығарушы органның ресми түрде жұмысқа кірісуі, елдің саяси жүйесіндегі үлкен өзгерістің алғашқы нақты қадамы.

(Жалғасы 3-бетте)



АҚЖОЛТАЙ:

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

Мемлекет басшысы Құрылтай отырысында Вице-Президент және Премьер-Министр лауазымдарына үміткерлерді ұсынып, дауыс беру қорытындысы бойынша Вице-президент лауазымына Ерлан Қариннің кандидатурасы, Премьер-Министр лауазымына Олжас Бектеновтің кандидатурасы өтті. Президент:

– Ерлан Қарин – елге танымал азамат. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде ұзақ жыл жұмыс істеді, көкжиегі кең, тәжірибесі мол, отаншыл азамат деп айтуға болады. Ауқымды реформаларды сапалы іске асыруға белсенді түрде атсалысты. Мемлекеттің стратегиялық бағдарын, даму жоспарын жақсы түсінеді. Сондықтан Ерлан Тынымбайұлы Қаринді осы лауазымға лайық деп есептеймін. Құрылтайдан бұл кандидатураны қолдауды сұраймын, – десе, Үкімет басшысы лауазымына Олжас Абайұлы Бектеновтің кандидатурасын ұсынған тұста:

– Ол – мемлекетшіл, тәжірибелі, білікті азамат. Жауапкершілігін жақсы түсінеді. Бұған дейін Үкімет басшысы ретінде нәтижелі жұмыс істеді. Қазір еліміздің алдында ауқымды міндеттер тұрғанын жақсы білесіздер. Бұл мәселе бойынша Құрылтайдың тұңғыш отырысында толығымен айттым. Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналууда. Түрлі инфрақұрылымдық жобаларды қолға алдық. Алда әлі де көп жұмыс істелуі керек. Жалпы, еліміздің Тәуелсіздігі мен Егемендігін нығайтуға, мемлекетімізді одан әрі дамытуға қатысты мәселелер әлі де күн тәртібінде тұр. Бұл мәселелерді бәріміз бірге ойдағыдай, сәтті шешуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Аида Балаева ҚР Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының орынбасары болса, Айбек Дәдебай Қазақстан Құрылтайының төрағасы ретінде қабілетін сынамақ.

ҚР Судьялар одағы да ел өміріндегі елеулі өзгерістерге өз үнін қосып, жаңа Құрылтайдың жұмысы мен қызметке тағайындалған лауазымды тұлғалардың істеріне сәттілік тілейді, мемлекет дамуындағы ауқымды міндеттерді арқалау – елдің аманатын арқалау.

Конституциямызға сәйкес құрылған Құрылтай – мемлекет пен қоғам арасындағы өзара

байланысты нығайтып, ел дамуының маңызды бағыттарын айқындауға, халықтың көкейіндегі мәселелерді ашық талқылауға және ортақ мақсаттар төңірегінде қоғамдық келісімді одан әрі бекемдеуге мүмкіндік береді.

Құрылтай депутаттығына сайлану – ең алдымен, халықтың сенімі мен үлкен жауапкершілікті білдіреді. Бұл биік мінберден елдің мұң-мұқтажын жеткізіп, азаматтардың талап-тілегін ескеріп, мемлекетіміздің одан әрі өркендеуіне бағытталған сындарлы ұсыныстар айту – әрбір депутаттың абыройлы міндеті.

Бүгінде Қазақстан түбегейлі өзгерістер мен жаңғырулар кезеңін бастан өткеруде. Соңғы жылдары еліміздің саяси, құқықтық және әлеуметтік салаларында ауқымды реформалар жүзеге асырылып, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, заң үстемдігін нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған маңызды қадамдар жасалуда.

Осындай тарихи кезеңде Құрылтайдың жұмысына қоғамның әртүрлі салаларында еңбек етіп, елдің дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген білікті азаматтардың тартылуы – айрықша мәнге ие. Себебі әр саладағы тәжірибе мен кәсіби көзқарастың тоғысуы қабылданатын шешімдердің өміршендігіне, олардың халықтың нақты қажеттіліктеріне жақын болуына ықпал етеді.

Халқымызда «Жас келсе – іске» деген қанатты сөз бар. Құрылтай құрамына білімді, талапты, жаңа көзқарастағы жастардың көптеп келуі – еліміздің болашағына деген сенімнің айқын көрінісі. Жастардың жігері мен заманауи ойлау қабілеті аға буынның өмірлік тәжірибесімен ұштасып, мемлекетіміздің тұрақты дамуына берік негіз қаланады.

Сонымен қатар, Судьялар одағы өз әріптестері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшелері арасынан Құрылтай депутаттары болып сайланған – Дания Мадикызы Еспаеваны, Зульфия Мухамедбекқызы Байсакованы, Унзила Шапаққызын және Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбековты арнайы құттықтайды.

(Жалғасы 4-бетте)



ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ – 40 ЖЫЛ

Арухан Әлиқызының естелігі негізінде жазылған бұл мәтіннің өзегінде өте ауыр тағдыр, Желтоқсан оқиғасының жеке адам өміріне салған жара-сы және Нұршат қыздың қыршын ғұмыры жатыр.

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЖАЗЫЛҒАН ЖОҚ ЖАРАСЫ



Мен, Құсайынова Арухан Әлиқызы, 1967 жылдың 20 қарашасында Ақтөбе облысы, Байғанин ауданына қарасты Жарлы ауылында дүниеге келдім. Мектепті жақсы аяқтап, үлкен қалаға барып, оқуға түсеміз деген арманымыз бар еді. Бірақ ол кездегі тәртіп басқа, коммунистік жүйенің талабымен мектеп бітірген жастар бір жыл ауылда еңбек ететін. Біз де комсомол жастарынан құрылған «Ұшқын» бригадасына қосылып, қолымызға құрық ұстап, қой бақтық.

Бір жылдық еңбектен кейін Алматыға келіп, АГМИ-дің кешкі дайындық курсына іліктік. Са-

бақ қараша айында басталған еді. Күндіз Алматы нан өнімдері комбинатында жұмыс істеп, кешке сабаққа жүгіретінбіз.

Сол күні де Нұршат екеуміз заводта кешкі беске дейін жұмыс істедік. Нұршат Нұрмыханова Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы, «Үлгі» колхозының қызы.

Желтоқсан айының суық кеші еді. Жатақханаға кірсек, КазГУ-дің журналистика факультетінде сырттай оқитын Хадиша сабақтан келген екен. Сол кезде уақытша бізбен бірге тұрып жатқан. Хадиша бізге қарап:

– Не болып жатқанын білесіңдер ме? – деді ақырын.

Біз аңтарыла қарадық. Сол күндері газеттен Дінмұхамед Қонаев атамыздың денсаулығына байланысты қызметінен кеткенін оқығанбыз. Бірақ оның ар жағында не жатқанына мән бермегенбіз. Қазақтың өз елінде, өз жерінде өзін бөтен сезінуі ол кезде жаңалық емес-тін. Жұмыс орындарында, автобустарда, дүкендерде, емханаларда, пошта мен вокзал кассаларында қазақтарға деген көзқарастың төмен екенін талай көргенбіз. Қызмет көрсеткенде де, сөйлескенде де бір суықтық сезілетін. Ауылдан келген біз сияқтыларға тіпті қиын болатын. Сол кеште Хадишаның сөзі ерекше әсер етті. «Қазақ елі үшін, жеріміз үшін біз неге бұғып қалуымыз керек?» Бір-бірімізге қарадық. Ешкім ашық айтпаса да, үнсіз түсініскендей болдық. Сөйтіп алаңға қарай бет алдық. Барсақ, өзіміз сияқты жастар көп екен. Арасында үлкен кісілер де жүр. Ал шет жағында басқа ұлт өкілдері үнсіз қарап тұрды.

Бір мезетте жан-жақтан адамдар лек-легімен келе бастады. Бір көшеден курсанттар, екінші жақтан милициялар, тағы бір тұстан басына шляпа киіп, үстіне ұзын пальто жамылған адамдар шықты.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Баланы мектепке дайындау қанша тұрады?

7-БЕТ



Дипломнан дағды маңызды

8-БЕТ



МҰҒАЛІМ

МІНБЕР

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ – КОНСТИТУЦИЯ

Қазақтың маңдайалды жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның: «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» деген терең ойлы, кең тынысты сөзі бар. Дәл осы тіркес мемлекеттің бас құжаты – Конституцияның ел дамуындағы маңызды орнын айшықтайтындай. Шын мәнінде заң мықты қорған, мықты тірекке айналған елдің келешегі кемел. Әр мемлекетте заң үстемдігін орнықтырып, құқықтық қоғам қалыптастырудың кепілі – Конституция.

Сондықтан да әр қадамын заңмен жүйелеуді басты орынға қойған елдерде Конституция ең қадірлі, ең пәрменді құжат. Онда адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары – ең жоғары бағалы қазына ретінде дәйектеліп, елдегі барлық заңдар мен нормативтік актілердің Конституцияға сүйеніп қабылданатыны нақтыланған.

Өлемде ең көне Конституция 1600 жылы Сан-Маринода қабылданған. Ал

зайырлылық пен құқықтық еркіндіктің бастауы саналатын АҚШ-тың Конституциясы 1787 жылдан бері қолданыста. Қазақ еліндегі Конституциялық заңнамалардың тарихы сонау дала заңдарынан тамыр алады. Ежелгі қазақ даласы Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз Тәукенің Жеті жарғысы секілді заңдарға бас иіп, тыныштық пен татулықтың бесігі болған. Одан кейін Барлыбек Сыртанов дайын-



Қаржау БОЗШАҒҰЛОВ,
Маңғыстау облыстық
сотының судьясы

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ БІРЕГЕЙ МЕХАНИЗМІН ЕНГІЗУ ӨЗЕКТІ

Кез келген құқықтық мемлекеттің беделі әділ заңдардың қабылдануымен немесе соттардың тәуелсіздігімен ғана өлшенбейді. Құқықтың шынайы күші сот шешімдерінің нақты әрі уақытылы орындалуынан көрінеді. Егер сот шешімі орындалмаса, азаматтың бұзылған құқығы толық қалпына келді деу қиын. Сондықтан атқарушылық іс жүргізу – сот төрелігінің заңды жалғасы ғана емес, құқық үстемдігін қамтамасыз ететін негізгі институттардың бірі. Оның тиімділігі азаматтардың мемлекетке және сот билігіне деген сеніміне тікелей әсер етеді.

Қазақстанда атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру бағытында соңғы жылдары көптеген реформалар жүргізілді. Жеке сот орындаушылары институты енгізілді, цифрландыру үдерісі жүріп жатыр, ақпараттық жүйелер арқылы мәлімет алмасу мүмкіндігі кеңейді. Дегенмен тәжірибе көрсеткендей, жүйеде әлі де шешімін күткен мәселелер бар.

Бүгінгі таңда басты міндет – атқарушылық іс жүргізуді тек мәжбүрлеу құралы ретінде емес, сот шешімін тиімді және әділетті орындауға бағытталған заманауи жүйе ретінде қалыптастыру.

Қоғамда жиі көтерілетін мәселелердің бірі – борышкерлердің банк шоттарына қойылатын шектеулер. Әсіресе азаматтардың жалақысы немесе зейнетақысы толық көлемде бұғатталып қалатын жағдайлар көп талқыланады.

Аталған мәселені жекелеген сот орындаушысының әрекетімен ғана түзідіру толық объективті болмайды. Бұл қолданыстағы құқықтық және техникалық тетіктердің ерекшеліктерімен де байланысты. Сот орындаушысы борышкердің барлық екініші деңгейлі банктөредегі шоттарына бір ғана қаулымен тыйым салу туралы қаулы шығарады. Алайда ол сол сәтте қай шотқа жалақы, зейнетақы немесе әлеуметтік төлем түсетінін әрдайым анықтай алмайды.

Бұдан бөлек, банк жүйесінде жаңа ашылған шоттарға қатысты да техникалық қиындықтар бар. Бұрын шығарылған қаулы жаңартылған кезде азаматтың күнделікті қажеттілігіне пайдаланатын шоты қайтадан шектеуге түседі. Мұндай жағдай қоғамда сот орындаушысына деген түсініспеушілікті туындатады. Бұл мәселенің тиімді шешімі – әлеуметтік маңызы бар төлемдерді қорғаудың арнайы құқықтық механизмін енгізу. Жалақы және зейнетақы алуға арналған арнайы қорғалған шоттардың құқықтық мәртебесін нақты белгілеу мәселесін қарастыру орынды. Мұндай жағдайда сот шешімінің орындалуы тоқтамайды. Өндіріп алу борышкердің табысынан заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Яғни, өндіріп алу заңда белгіленген тәртіппен жалғасады, ал азаматтың ең төменгі тұрмыс қажеттілігіне арналған қаражаты қорғалады.

Ақпараттық жүйелердің толық интеграциясы – тиімді орындаудың негізі. Қазіргі заманда атқарушылық іс жүргізудің тиімділігі ақпаратқа тікелей байланысты. Сот орындаушысы борышкердің нақты жұмыс орнын, табыс көзін және қаржылық жағдайын неғұрлым жылдам анықтаса, өндіріп алу да соғұрлым тиімді жүргізіледі.

Соңғы жылдары ақпараттық жүйелер едәуір жетілдірілгенімен, олардың өзара ықпалдастығын одан әрі дамыту қажеттілігі сақталып отыр. Кейбір жағдайларда сот орындаушысы үшін қажетті мәліметтердің түрлі ақпараттық ресурстарда шашыраңқы орналасуы өндіріп алу рәсімінің жеделдігіне әсер етеді. Мысалы, жүйе көбіне міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпаратқа сүйенеді. Бірақ еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетке шыққан әскери қызметшілер немесе арнайы санаттағы азаматтар жұмысқа орналасқан жағдайда олардың қызметі әрдайым осы мәліметтер арқылы анықталмауы мүмкін.

Сонымен бірге мемлекеттік цифрлық жүйелерде қажетті ақпарат бар. Еңбек шарттарын есепке алудың бірінғай жүйесінде азаматтардың жұмыс орны туралы мәліметтер қалыптасады. Сондықтан атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін осы деректермен интеграциялау қажет. Бұл сот орындаушысына борышкердің нақты жұмыс орнын анықтап, өндіріп алуды ең алдымен табыс көзінен жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл тек сот орындаушысының жұмысын жеңілдету емес. Ең бастысы – атқарушылық шаралардың азаматтардың құқықтарына барынша аз шектеу келтіретін, бірақ сот шешімінің орындалуын қамтамасыз ететін әділетті тетіктерге айналуында.

Атқарушылық іс жүргізудегі маңызды бағыттың бірі – өндірілген қаражаттың қозғалысы. Өндірілген қаражаттың қауіпсіздігі – сенімнің мәселесі. Сот шешімі бойынша өндірілген қаражат өндіріп алушыға уақытылы әрі толық жетуі тиіс. Өйткені азамат немесе ұйым сот арқылы өз құқығын қорғап қана қоймай, оның нақты орындалуын күтеді.

Қазіргі кезде өндірілген қаражаттың жеке сот орындаушыларының депозиттік шоттары арқылы өтуі белгілі бір тәуекелдер туғызатыны құқық қолдану тәжірибесінде байқалады. Бас прокуратура жүргізген тексерулер барысында өндірілген қаражатты уақытылы аудару және оның сақталуына байланысты мәселелер зерделеніп, бұл бағыттағы тәуекелдер Парламент Мәжілісінде де көтерілді. Аталған жағдайлар өндірілген қаражат қозғалысының ашықтығы мен бақылауын одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты жеке сот орындаушыларымен де өндірілген қаражатты әділет органдарының орталықтандырылған депо-

...банк жүйесінде жаңа ашылған шоттарға қатысты да техникалық қиындықтар бар. Бұрын шығарылған қаулы жаңартылған кезде азаматтың күнделікті қажеттілігіне пайдаланатын шоты қайтадан шектеуге түседі. Мұндай жағдай қоғамда сот орындаушысына деген түсініспеушілікті туындатады. Бұл мәселенің тиімді шешімі – әлеуметтік маңызы бар төлемдерді қорғаудың арнайы құқықтық механизмін енгізу. Жалақы және зейнетақы алуға арналған арнайы қорғалған шоттардың құқықтық мәртебесін нақты белгілеу мәселесін қарастыру орынды. Мұндай жағдайда сот шешімінің орындалуы тоқтамайды. Өндіріп алу борышкердің табысынан заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

зиттік жүйесі арқылы басқару мүмкіндігін қарастыру қажет. Мұндай тетік қаражаттың сақталуына кепілдік беріп, өндіріп алушының құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік туғызады.

Атқарушылық іс жүргізудегі ең күрделі бағыттардың бірі – ірі көлемдегі берешектерді өндіру. Мұндай істерде қаржылық талдаудың маңызы ерекше. Тәжірибеде сот орындаушыларымен заңда көзделген атқарушылық әрекеттер нәтиже бермеген жағдайда борышкерлерді Қылмыстық кодекстің 430-бабының талабына сай қылмыстық жауапкершілігін қарауды сұрап ішкі істер органдарына ұсыныс жолданады және аталған орган құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты ұсыныстардың барлығын дерлік кері қайтарып жатады. Нәтижесінде атқару құжаттары орындау мүмкіндігі болмауына байланысты өндіріп алушыларға және сотқа орындаусыз қайтарылады.

Әсіресе заңды тұлғаларға қатысты істерде қарапайым іздестіру шаралары жеткіліксіз болуы мүмкін. Себебі кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық операциялары күрделі, активтері әртүрлі нысанда орналасады, кей жағдайда мүліктің қозғалысын анықтау арнайы білімді талап етеді. Сондықтан ірі көлемдегі берешектер бойынша қаржылық талдау және аудит жүргізу тетіктерін енгізу мүмкіндігін қарастыру орынды. Мұндай тексеру барысында:



Нұрлан ЖАРМАХАНБЕТ,
құқық магистрі

кәсіпорынның нақты қаржылық жағдайы; активтердің қозғалысы; үлестес тұлғалармен мәмілелер; мүлікті шығару белгілері; берешекті өтеу мүмкіндігі жан-жақты зерттелуі тиіс.

Егер сот шешімін орындаудан қасақана жалтару, активтерді жасыру немесе мүлікті басқа тұлғаларға шығару белгілері аныкталса, мұндай жағдайларға құқықтық баға берілуі қажет.

Сот актісін орындамаудың барлық жағдайы бірдей емес. Әсіресе ірі көлемдегі берешектер бойынша борышкердің активтері үлестес тұлғаларға шығарылуы, күрделі қаржылық операциялар жүргізілуі немесе мүліктің нақты қозғалысын анықтау қажеттілігі туындайтын жағдайлар кездеседі. Мұндай істерді тергеу қаржылық құжаттарды, бухгалтерлік есепті және активтердің қозғалысын терең талдауды талап етеді. Сондықтан осы санаттағы істер бойынша қаржылық-экономикалық талдау жүргізу тәжірибесін күшейту немесе мұндай істерді тиісті қаржылық-экономикалық талдау жүргізу тәжірибесі бар тергеушілердің қарауына беру мәселесін талқылау орынды болар еді.

Сонымен қатар атқарушылық құжаттарды орындамай қайтару институты да жетілдіруді қажет етеді. Әрине, барлық жағдайда өндіріп алуға мүмкіндік бола бермейді. Бірақ әсіресе ірі сомалар бойынша «мүлік анықталмады» деген қорытындыға келмес бұрын берешектің пайда болу себептері, қаражаттың қозғалысы және борышкердің әрекеттері толық зерттелуі тиіс.

Сот шешімін орындаудан қасақана жалтару жағдайларына құқықтық ықпал ету тетіктері тиімді әрі бірізді қолданылуы тиіс. Сот шешімін орындау – тек мемлекеттік органдардың немесе сот орындаушысының міндеті емес. Бұл – борышкердің де заң алдындағы міндеті. Сот актісін

даған «Қазақ елі» Жарғысы, 1926 жылы қабылданған Қазақстанның алғашқы ресми кеңестік Конституциясы, 1937 және 1978 жылдары қабылданған Конституциялар жаңа заңнамаларға алғышарт болды. 1995 жылдан бастап жаңа Конституция қабылданғанға дейін отыз жыл ел тәуелсіздігін нығайтып, елдік істердің жандануына негіз қалаған Ата Заңның да тарихта алар орны зор. Осы Конституция салтанат құрған тұста мемлекеттік рәміздер қабылданып, отандық заңнама базасы маңызды құжаттармен толықты, мемлекеттің шекарасы нақтыланып, алыс-жақын елдермен әріптестік байланыс жолға қойылды. Елдің бейбіт өмірінің кепіліне айналған Конституцияның арқасында экономикалық, әлеуметтік мәселелер шешімін тауып, Қазақстанның саяси аренадағы беделі де биіктей түсті.

Ал жаңа Конституцияның жөні мүлде бөлек. Дәл осы құжат халық арасында ең көп талқыланған, ең көп ұсыныс-пікір жолданған заңнама ретінде есімізде қалары анық. Себебі жоба таныстырылғаннан кейін жұмыс тобына ел тұрғындарынан мыңнан аса ұсы-

ныс түскен. Бұл халықтың азаматтық белсенділігінің ғана емес, құқықтық сауатының артып, саяси ұстанымының жетілгенін көрсетсе керек.

2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген Қазақстанның жаңа Конституциясы басқарудың жаңа моделіне көшуді бекітті. Ата Заңның негізгі ерекшеліктері дегенде ауыз толтырып айтарлық жаңашылдықтар аз емес. Соның ішінде Бас құжат Мемлекет басшысының лауазымын қайта сайлану құқығынсыз 7 жылдық мерзіммен шектеуді нақтылады. Бұрынғы екі палаталы парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай жұмысына кірісті. Басқару жүйесіне вице-президенттің жаңа лауазымы енгізілді.

Қазақстанның жаңа Конституциясында соттардың шынайы тәуелсіздігін нығайту және азаматтардың өз құқықтарын қорғау үшін Конституциялық Сотқа тікелей жүгіну құқығы сақталды. Судьяларды сыртқы қысымнан қорғайтын ережелер белгіленіп отыр. Осының барлығы азаматтардың құқығын мінсіз қорғап, елдегі әділдік пен қауіпсіздіктің орнығуына жол ашды.

адал әрі уақытылы орындау құқықтық мәдениеттің маңызды көрсеткіші болып табылады. Ал сот шешімін орындаудан негізсіз жалтару сот билігінің беделіне және құқықтық тәртіпке кері әсер етеді. Сондықтан адал орындау мәдениетін қалыптастыру құқықтық саясаттың маңызды бағытының бірі болуы тиіс.

Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру тек құқық қолдану тәжірибесімен немесе цифрлық жүйелерді дамытумен шектелмеуі керек. Заңнаманың сапасы, құқықтық терминдердің бірізділігі және мемлекеттік тілдегі құқықтық мәтіндердің дәлдігі де құқық үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Құқықтық жүйенің тұрақтылығы қабылданған нормалардың мазмұнына ғана емес, олардың түсінікті әрі біркелкі қолданылуына да байланысты. Осы тұрғыдан алғанда заңнамалық терминологияның жүйелілігі мен заң мәтіндерінің тілдік сапасына ерекше назар аудару қажет.

Соңғы жылдары процессуалдық заңнамада терминология жаңартылып, Азаматтық процесстік кодексе, Қылмыстық-процестік кодексе және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе сияқты атаулар орнықты. Алайда атқарушылық қызметті реттейтін негізгі заң әлі күнге дейін «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» деп аталады. Сонымен қатар заңның қазақ және орыс тілдеріндегі атауларының мазмұндық және терминологиялық үйлесімділігі де қайта зерделеуді қажет етеді. Мұндай мәселелерді құқықтық терминологияны біріздендіру тұрғысынан қарастыру заңнаманың тұтастығын қамтамасыз етуге ықпал етер еді.

Сонымен қатар заң мәтіндерінің қазақ және орыс тілдеріндегі теңтүпнұсқалығы да тұрақты назарда болуы қажет. Құқық қолдану тәжірибесінде жекелеген нормалардың екі тілдегі редакцияларының мазмұны толық сәйкес келмейтін жағдайлар кездеседі. Мысалы, заңның 138-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында қазақ тіліндегі редакцияда «үйлерді бұзу» деген ұғым қолданыла, орыс тіліндегі мәтінде «снос» деген жалпы ұғым берілген. Мұндай айырмашылық құқықтық норманы әртүрлі түсіндіруге және құқық қолдану практикасында бірізділіктің бұзылуына алып келуі мүмкін.

Сондықтан атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы кезең-кезеңімен құқықтық-лингвистикалық сараптамадан өткізіп, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндердің толық сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды. Бұл мемлекеттік тілдегі құқықтық терминологияның жүйелілігін нығайтып қана қоймай, құқық қолданудың бірінғай тәжірибесін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Құқық үстемдігі сот залында басталып, атқарушылық іс жүргізуде аяқталады. Сондықтан сот шешімдерінің толық әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету – тек сот орындаушыларының ғана емес, бүкіл құқықтық жүйенің ортақ міндеті.

Сот шешімін орындау азаматтың немесе ұйымның бұзылған құқығын нақты қалпына келтірудің соңғы кезеңі болып табылады. Осы себепті атқарушылық іс жүргізудің тиімділігі мемлекеттегі құқықтық тәртіптің, заңға деген құрметтің және азаматтардың сот жүйесіне деген сенімінің маңызды көрсеткіші саналады. Бұл бағыттағы реформалар кешенді сипатта болуы тиіс. Бір жағынан, цифрлық технологияларды дамыту, ақпараттық жүйелерді толық интеграциялау, өндіріп алу рәсімдерінің ашықтығын арттыру қажет. Екінші жағынан, азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғау, өндірілген қаражаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ірі көлемдегі берешектерді өндірудің тиімді тетіктерін қалыптастыру және заңнаманың сапасын жетілдіру маңызды.

Осындай кешенді тәсіл ғана сот шешімдерінің орындалу сапасын арттырып, азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін нығайтуға және құқық үстемдігі қағидатын нақты өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕПУТАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАРУЫ – СӨЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президенттің өзі бұл күнді «ұлт жылынамасының жаңа парағын ашқан» тарихи сәт деп атады. Енді осы жаңа парактың мазмұнын кім және қалай жазатыны маңызды.Өйткені институттың атауы өзгергенмен, халықтың талабы өзгерген жоқ. Керісінше, жаңа саяси жүйе қоғамның үмітін одан әрі күшейтті.

Бірінші шақырылымдағы Құрылтай құрамына 145 депутат кірді. 23 тамыздағы сайлаудың қорытындысы бойынша бес саяси партия, яғни «Әділет» – 110, «Ауыл» – 10, «Respublica» – 9, «Ақ жол» – 8, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 8 депутаттық мандат алды. Енді бұл 145 депутаттың әрқайсысының алдында бір ғана негізгі міндет тұр, ол – халықтың сенімін ақтау. Сондықтан Құрылтайдың алғашқы сессиясындағы әрбір рәсімнің артында үлкен саяси жауапкершілік тұрды. Соның ең маңыздысы – депутаттардың ант қабылдауы.

Депутаттық ант – кез келген парламенттік жүйедегі символдық мәні зор рәсім. Құрылтай депутаттары Қазақстан халқына адал қызмет етуге, елдің тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, Конституция мен заңдарды қатаң сақтауға, депутаттық міндетін адал атқаруға ант берді. Бірақ дәл осы рәсім әлеуметтік желілерде қызу талқыланды. Желі қолданушыларының бір бөлігі депутаттардың ант мәтінін айту мәнеріне көңілі толмағанын білдірді. Кейбір депутаттардың мәтінді еркін айта алмай, кідіріп, ежелеп тұрғаны, сөздердің анық естілмегені сынға алынды. Мемлекеттік тілдің айтылымына, сөз саптауына қатысты да ескертулер айтылды. Әрине, мұндай сәтте қобалжу болуы мүмкін. Елдің алдына шығып, камералар мен мыңдаған көрерменнің назарында ұзақ мәтін айту кез келген адамға оңай емес. Бір сәттік жаңылысқа қарап, депутаттың бүкіл кәсіби деңгейіне баға беру де әділетті



емес. Бірақ осы сынның астарындағы қоғамдық талапты елемеуге тағы болмайды.

Өйткені, депутаттың негізгі қаруы – сөзі. Ол халықтың мәселесін көтереді, заң жобасын талқылайды, үкіметке сауал жолдайды. Сайлаушының атынан сөйлеп, мемлекеттік саясатқа ықпал етеді. Сондықтан мемлекеттік тілде анық, сауатты әрі еркін сөйлеу – депутат үшін жай ғана тілдік дағды емес, оның қоғамдық жауапкершілігінің бір бөлігі. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік желідегі сынның ішінен де қоғамның Құрылбайдан жаңа саяси мәдениет күтетіндігін көруге болады. Бұл талап Президенттің сессиядағы сөзімен де үндеседі. Мемлекет басшысы депутаттар заң қабылдаумен қатар, жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыруға үлес қосуы керек екенін айтты. Елдегі реформалардың нәтижесін халық ең алдымен депутаттардың қызметіне қарап бағалайтынын атап өтті.

Алғашқы сессияда жаңа заң шығарушы органның басшылығы да жасақталды. Құрылтай төрағасы болып Айбек Дәдебай сайланды. Оның орынбасарлары болып Нұрлан Бекназаров, Дания Еспаева және Динара Зәкиева сайланды. Сонымен қатар алғашқы сессияда Құрылтайдың сегіз тұрақты комитеті құрылып, олардың төрағалары сайланғаны белгілі. Олар – аграрлық мәселелер, экология және табиғи

ресурстар комитеті, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Өңірлік және инфрақұрылымдық даму комитеті, Әлеуметтік-мәдени даму комитеті, Қаржы және бюджет комитеті, Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитеті, Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитеті. Комитеттердің атауына қарап-ақ жаңа Құрылтайдың алдында тұрған міндеттердің ауқымын аңғаруға болады.

Құрылтайдың алғашқы сессиясында Президент нақты міндеттерді белгіледі. Бірінші кезекте – жаңа Конституция нормаларына сәйкес қолданыстағы заңнаманы қайта қарау. Бұл ретте Мемлекет басшысы заң қабылдау жеткіліксіздігін, оның толық орындалу тетігі болуы маңызды екендігін айрықша атап өтті. Президенттің айтуынша, осы мәселе жаңа Құрылтай үшін негізгі өлшемдердің бірі болуы тиіс. Өйткені бізде кейде жақсы жазылған заң бар – бірақ оны жүзеге асыратын механизм әлсіз, норма бар – бірақ жауапты орган белгісіз, талап бар – бірақ бақылау жоқ. Сондықтан жаңа Құрылтайдың заң шығару сапасы тек қабылданған заңдардың санымен емес, сол заңдардың өмірде қалай жұмыс істейтінімен бағалануы керек.

Президент сонымен қатар Құрылтайдың назарын энергетиканың технологиялық тұрақтылығына, баламалы энергия көздерін дамытуға, инвестиция тартуға және экономикалық саясатты жетілдіруге аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл бағыттардың бір-бірімен байланысы бар. Мәселен, энергия тұрақсыз болса – өндіріс дамымайды, өндіріс дамымаса – жаңа жұмыс орны азаяды, инвестиция болмаса – экономиканың жаңаруы баяулайды, инфрақұрылым әлсіз болса – өңірлердің мүмкіндігі шектеледі. Сондықтан Құрылтайдың экономикалық

гін атап өтті. Бұл – бүгінгі күннің ең күрделі мәселелерінің бірі. Бала интернетте өсіп, жасанды интеллект күнделікті өмірге еніп жатыр, әлеуметтік желі адамның ақпарат алу тәсілін өзгертті. Демек, мемлекет те осы өзгерістерге сәйкес заңнамасын жаңартуға тиіс. Бірақ мұнда қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, азаматтардың құқықтары мен сөз еркіндігін қорғау маңызды.

Президент сонымен қатар ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау, олардың білім алуына, медициналық және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуіне

Кейбір депутаттардың мәтінді еркін айта алмай, кідіріп, ежелеп тұрғаны, сөздердің анық естілмегені сынға алынды. Мемлекеттік тілдің айтылымына, сөз саптауына қатысты да ескертулер айтылды. Әрине, мұндай сәтте қобалжу болуы мүмкін. Елдің алдына шығып, камералар мен мыңдаған көрерменнің назарында ұзақ мәтін айту кез келген адамға оңай емес. Бір сәттік жаңылысқа қарап, депутаттың бүкіл кәсіби деңгейіне баға беру де әділетті емес. Бірақ, осы сынның астарындағы қоғамдық талапты елемеуге тағы болмайды.

жағдай жасау мәселесіне де назар аударды. Мұндай міндеттерді орындау тек әлеуметтік бағдарламалармен шектелмеуі керектігін атап көрсетті.

Президенттің сессиядағы сөзінде тағы бір маңызды ой – депутаттардың жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыруға үлес қосуы керектігі болды. Бұл сөздің салмағы ерекше. Себебі қоғамның саяси мәдениеті биліктегі адамдардың мінез-құлқынан да көрінеді. Халық алдында өзін қалай ұстайды, сынға қалай жауап береді, журналистің сұрағынан қаша ма, әлде ашық жауап бере ме, сайлаушымен қалай сөйлеседі, мемлекеттік тілді қалай қолданады? Жаңа қоғамдық этика дегеніміз – осылардың жиынтығы. Осы тұрғыдан қарасақ, алғашқы күннің өзінде әлеуметтік желіде айтылған антқа қатысты сынның да өз орны бар.

Осылайша Президент Құрылтайдың алдындағы маңызды міндеттерді белгіледі. Алғашқы сессиядан кейін Құрылтайға анттың салтанаты ұзаққа созылмай, нақты істің салмағы ауыр болсын дегіміз келеді. Құрылтайдың бірінші шақырылымы үшін ең үлкен сын да, ең үлкен мүмкіндік те халықтың сенімін ақтау.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Тамыз айының соңы ата-аналар үшін жыл сайынғы қарбалас көзеңнің бірі. Міне, қыркүйек те көліп жетті. Жаңа оқу жылы жақындаған сайын мектеп формасы, аяқ киім, сөмке, кеңсе тауарлары мен спорттық киім алуға кететін шығын көбейеді. Әсіресе отбасында бірнеше мектеп жасындағы бала болса, жаңа оқу жылына дайындық отбасылық бюджетке айтарлықтай салмақ түсіреді.

2026 жылы Қазақстанда мектепке қажетті тауарлардың бағасы өңірге, сауда орнына, өндірушіге және өнім сапасына қарай әртүрлі. Нарықтағы бағаларға жүргізілген мониторинг бойынша мектепке қажетті ең қарапайым жиынтық кей өңірлерде 22 мың теңгеден басталады. Петропавлда базалық жиынтық шамамен 22 мың теңгеден, Атырауда 25 мың теңгеден, Таразда 27 мың теңгеден, Павлодар мен Семейде 30 мың теңгеден жоғары тұрады.

Алайда бұл тек ең қажетті заттардың төменгі бағасы. Мектеп формасының өзі таңдалған үлгі мен сапасына қарай шамамен 25 мыңнан 78 мың теңгеге дейін жетеді. Оған аяқ киім, спорттық форма, рюкзак, дәптер, қалам, қарындаш және өзге де оқу құралдары қосылады. Сондықтан баланы мектепке дайындауға жұмсалатын нақты шығын әр отбасыда әртүрлі.

Мәселен, бір ата-ана арзанырақ сауда орнын таңдап, өткен жылдан қалған кейбір заттарды қайта пайдалануы мүмкін. Ал екінші отбасы баласына жаңа форма, бірнеше жейде, күнделікті және спорттық аяқ киім, жаңа рюкзак пен толық кеңсе тауарларын сатып алады. Мұндай жағдайда шығын бірнеше есе өсуі ықтимал.

Мемлекеттен қанша көмек беріледі?

Әлеуметтік осал санаттағы отбасылар үшін биыл да мектепке дайындалуға қаржылай көмек қарастырылған.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми мәліметіне сәйкес, 2026 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында Жалпыға міндетті білім беру қоры арқылы әлеуметтік осал санаттағы балаларға мектеп формасын, аяқ киім мен мектеп құралдарын сатып алуға көмек көрсетіледі. 2026–2027 оқу жылы қарсаңында мұндай қолдаумен шамамен 450 мың бала қамтылады. Осы мақсатқа жергілікті бюджеттерден 23 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінген.

Бір балаға берілетін көмектің ең төменгі мөлшері биыл 50 851 теңгені құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 пайызға жоғары. Жергілікті бюджеттің мүмкіндігіне байланысты кейбір өңірлерде төлем көлемі бұдан да жоғары болуы мүмкін.

Қаржылай көмек:
* атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына;



* жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
* жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балаларына;
* төтенше немесе қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылардың балаларына;
* заңнамада көзделген өзге де санаттағы оқушыларға беріледі.

Қаражат ата-ананың немесе баланың заңды өкілінің банк шотына аударылады. Осылайша ата-ана қажетті киім-кешек пен оқу құралдарын өзі таңдап сатып ала алады.

50 мың теңге жете ме?

Мәселенің негізгі тұсы да осында. Мемлекет белгілеген ең төменгі көмек мөлшері 50 851 теңге болғанымен, қазіргі нарықтағы бағаға қарағанда бұл қаражат барлық қажеттілікті толық жаба бермеуі мүмкін.

Егер мектеп формасының өзі 25 мың теңге-

ден басталса, қалған ақшаға аяқ киім, рюкзак, спорттық киім және кеңсе тауарларын алу қажет. Ал сапасы жоғары немесе бірнеше маусымға жарайтын заттар таңдалса, шығын көлемі одан әрі өседі. Сонымен қатар ата-ананың мектеп формасын нақты бір дүкеннен сатып алуға міндетті емес екенін ескерген жөн. Қолданыстағы талап бойынша ата-аналар өндіруші мен сауда орнын өздері таңдай алады. Мектеп әкімшілігі белгілі бір дүкенді немесе жеткізушіні міндеттеуге құқылы емес.

Бір баласы бар отбасы үшін бұл шығынның өзі сезілуі мүмкін. Ал екі-үш оқушы тәрбиелеп отырған отбасы үшін тамыз бен қыркүйек айлары айтарлықтай қаржылық жүктемеге айналады. Жаңа оқу жылына дайындық тек жаңа форма мен дәптер сатып алу емес. Оның артында әр отбасының табысы, баланың қажеттілігі және нарықтағы баға тұр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

АҚЖОЛТАЙ:

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әріптестердің әрқайсысы өз сала-сында мол тәжірибе жинақтаған, білімі мен біліктілігін ел игілігіне бағыттап келе жатқан, мемлекеттік қызметте, қоғамдық және ғылыми ортада өзіндік орны қалыптасқан азаматтар.

Бұл кісілердің жылдар бойы жинақтаған кәсіби тәжірибелері мен өмірлік ұстанымдары, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытындағы қызметтері Құрылтай жұмысына тың серпін беретініне сенім мол.

Әсіресе, адам құқықтары мен заң үстемдігі мәселелерінің Құрылтай қыз-

метінде кеңінен талқылануының маңызы зор. Мемлекеттің қуаты ең алдымен оның азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының қаншалықты қорғалатынымен өлшенеді. Сондықтан әділетті қоғам қалыптастыру, заң алдында баршаның теңдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайту – баршаға ортақ міндет.

Осы ретте тәжірибелері мен кәсіби ұстанымдары берік мамандардың Құрылтайдағы бастамаларға оң ықпал ететініне еш күмән жоқ.

ҚР Судьялар одағы үшін де заң үстемдігі, әділеттілік, азаматтар-

дың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сот төрелігінің жоғары стандарттарын қамтамасыз ету мәселелері әрдайым маңызды болып қала береді. Осы құндылықтар мемлекетіміздің құқықтық дамуының берік негізі екені сөзсіз.

Бүгінде қоғам сот жүйесіне, мемлекеттік институттарға және жалпы әділеттілік қағидатына жоғары талап қойып отыр. Сондықтан заңнаманы жетілдіру барысында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін барынша тиімді қорғауға, құқықтық мемлекетті одан әрі нығайтуға бағытталған бастамалардың орны айрықша.

Құрылтай депутаттарының осы бағыттағы жұмыстарға белсенді атсалысып, елдің құқықтық және қоғамдық дамуына елеулі үлес қосатынына шүбә жоқ.

Құрылтай – пікірлер мен ұсыныстар тоғысатын, ел болашағына қатысты маңызды мәселелер талқыланатын ортақ алаң. Мұнда әрбір айтылған ойдың, әрбір ұсыныстың артында халықтың тағдыры мен мемлекеттің келешегі жатыр.

Депутаттық қызметтегі әр тұлғаға елдің бірлігі мен тұрақтылығын, заң үстемдігі мен әділеттілікті, азаматтардың әл-ауқаты мен құқықтарын қорғауды басты бағдар етіп, қоғамның көкейіндегі өзекті мәселелерді батыл көтереді деген сенім мол.

Құрылтай жұмысына кәсіби білімі мен өмірлік тәжірибесін арнаған әрбір депутаттың қосар үлесі еліміздің одан әрі дамуына, қоғамдағы өзара сенімнің нығаюына және азаматтық жауапкершіліктің артуына қызмет етеді.

Депутаттардың ел алдындағы жауапты қызметте білім мен тәжірибені, жасампаздық пен жаңашылдықты, дәстүр мен заманауи көзқарасты ұштастыра отырып, талай игі бастамалардың ұйытқысы боларына сенім зор.

Еліміздің өсіп-өркендеуі, халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының берік қорғалуы жолында атқаратын еңбектері жемісті болсын!

Құрылтайдағы қызметтер абыройлы да нәтижелі болып, елдің сенімін ақтауға бағытталған барлық бастамалар қолдау тауып, игі істер баянды болғай.

Әріптестеріміздің ел игілігі жолындағы еңбектері жемісті болып, Қазақстанымыздың жарқын болашағын қалыптастыруға қосар үлестері мол болсын!

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы

ПАЙЫМ

ӨТКЕННЕН ӨНЕГЕ АЛУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Бұл үдерісте Құрылтайдың Борны айрықша. Халықтың өкілді органына сайлану – саяси мәртебе ғана емес, қоғамдық сенім мен мемлекеттік жауапкершілікті қабылдау.

Сондықтан әр шақырылымдағы депутаттар өз қызметін тек өкілеттік мерзімі шеңберінде бағаламауы керек. Мемлекет дамуы бес жылдық кезеңмен аяқталмайды. Бір шақырылым бастаған стратегиялық бастаманы келесі шақырылым жетілдіріп, одан кейінгі буын нәтижеге жеткізуі мүмкін.

Тұлғалар ауысады, саяси кезеңдер өзгереді, бірақ ұлттық мүдде мен мемлекеттің стратегиялық сабақтастығы сақталуға тиіс.

Осы себепті Құрылтай қызметінің нәтижесін қабылданған заңдардың санымен ғана емес, олардың мемлекеттік тілдің мәртебесіне, құқық үстемдігіне, азаматтардың әл-ауқатына, білім мен ғылымға, экономикалық дербестікке және қоғамдық сенімге қосқан үлесімен бағалау маңызды.

Әр депутат өзінің өкілеттік мерзімі аяқталғанда: «Мен мемлекеттің ертеңіне қандай құндылық қостым?» деген сауалға

жауап бере алуы керек. Өйткені халықтың мандаты – уақытша өкілеттік, ал сол мандатпен қабылданған шешімдердің салдары бірнеше буынға әсер етуі мүмкін.

Елдік – күнделікті жауапкершіліктен басталады. Патриотизмді де жаңа мазмұнда түсінетін уақыт келді. Отанды сүю – тек ел туралы жақсы сөз айту емес.

Мұғалімнің сапалы білім беруі, дәрігердің адам өміріне жауапкершілікпен қарауы, судьяның заң мен ар-ожданға сүйеніп әділ шешім қабылдауы, ғалымның жаңалық іздеуі, кәсіпкердің адал еңбекпен жұмыс орнын құруы, ата-ананың саналы ұрпақ тәрбиелеуі – мемлекетті нығайтатын күнделікті патриотизмнің көріністері.

Қуатты мемлекет ұрандардың көптігінен емес, азаматтарының жауапкершілігінен қалыптасады. Біздің алдымыздағы негізгі міндет те – осы жауапкершілікті қоғамдық құндылыққа айналдыру.

Өткенді өзгерту мүмкін емес. Бірақ өткеннен нені алып шығатынымыз өз қолымызда. Тарихтан – өкпе емес, өнеге; Тәуелсіздіктен – мақтанышпен бірге жауапкершілік; Құрылтайдан – пікірталаспен бірге нақты нәтиже; реформадан – жай өзгеріс емес, сапалық өрлеу алуымыз қажет.

Мемлекетті сақтау – оның шекарасын ғана сақтау емес.

Ол – мемлекеттік тілін, тарихи жадын, мәдени болмысын, құқықтық тәртібін сақтау; білімін арттырып, ғылымын дамыту; экономикасын нығайтып, азаматтарының әділетке деген сенімін қорғау.

Осы құндылықтар біртұтас жүйеге айналғанда ғана реформалар шынайы мемлекеттік жаңғыруға ұласады.

Тарих бізге Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің қандай бағамен келгенін көрсетті. Ендігі міндет – сол мемлекетті келесі ұрпаққа қандай сапада қалдыратынымызды айқындау.

Бір күні кейінгі буын бүгінгі кезеңге баға бергенде:

«Олар Тәуелсіз мемлекетті мұраға алып қана қойған жоқ, оның тілін – тұғырлы, заңын – үстем, экономикасын – қуатты, қоғамын – білімді әрі әділетті етуге өз үлесін қосты», – дей алса, бүгінгі реформалардың тарихи нәтижесі де сол болмақ.

Нұрғұл САУЛЕНҚЫЗЫ,
Жангелдин аудандық сотының судьясы
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Қорынбасары Асхат Жұмағали Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының өңірлік өкілі Оливер Штольпемен кездесу өткізді.



ОРТАҚ КҮРЕС ОҢ НӘТИЖЕГЕ БАСТАЙДЫ

Қатысушылар 2017 жылдан бері ҚР Бас прокуратурасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында жасалған меморандум негізінде жүзеге асырылып келе жатқан тиімді әрі мазмұнды ынтымақтастықты қанағаттанушылықпен атап өтті.

Осы кезеңде терроризм мен экстремизм, есірткінің заңсыз айналымы, адам саудасы, қылмыстық кірістерді жылытату және киберқылмыс сияқты қылмыстың өзекті түрлерін анықтау, алдын алу және тергеу-тексеру мәселелері бойынша сындарлы өзара іс-қимыл қалыптасты.

Осы әріптестік шеңберінде Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының базасында Орталық Азиядағы жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл жөніндегі Өңірлік хабы құрылды. Осы уақыт ішінде кадрларды даярлау және өңірлік бастамаларды іске асыру бойынша тұрақты өзара іс-қимыл тетігі қалыптасты. БҰҰ ЕҚБ қолдауымен 150-ден астам оқу іс-шарасы өткізілді, оның барысында ТМД елдерінің 4,5 мыңнан астам құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігі арттырылды.

Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің базасында жұмыс істейтін Таргетинг-орталығының қызметі бойынша өзара іс-қимылға жеке назар аударылды. Орталықтың жұмысы есірткі, прекурсорлар мен жаңа психобелсенді заттардың заңсыз айналымына, сондай-ақ олармен байланысты трансұлттық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимылда қамтиды. Ынтымақтастық шеңберінде Орталық өкілдерінің халықаралық кеңестер мен тренингтерге қатысуы қамтамасыз етіліп, ақпарат алмасу жүзеге асырылады және БҰҰ-ның Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің мамандандырылған электрондық платформалары пайдаланылады.

Жаңа сын-қатерлер тұрғысынан тараптар киберқылмысқа, оның ішінде интернет-алаықтық пен интернет-наркобизнеске қарсы бірлескен күш-жігерді талқылады. Осы мақсатта Бас прокуратураның Қылмыстық қауіп-қатерлерді болжау орталығының жасанды интеллектті пайдалана отырып қылмыстық тәуекелдерді ерте анықтау және алдын алу әлеуетін пайдалану жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазақстандық тергеушілер мен прокурорлардың цифрлық технологиялар саласындағы кәсіби дағдыларын, оның ішінде цифрлық дәлелдемелермен, криптоактивтермен және талдамалық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын одан әрі дамыту қажеттігін ескере отырып, тараптар Академия базасында құқық қорғау органдары қызметкерлерін даярлау бойынша бірлескен ведомствоаралық оқу-талдау орталығын құру мүмкіндігін пысықтауға уағдаласты.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар өзара қызығушылық білдіретін барлық бағыттар негізінде ынтымақтастықты нығайту және дамыту жөніндегі одан арғы қадамдарды белгіледі.

ҚР Бас прокуратурасының
баспасөз қызметі

МӘЙЕК

ТІЛ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Тіл – халықтың жүрегі, ұлттың рухани болмысы мен мәдениетінің айнасы. Оның бойында ұлттың тарихы, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен рухы жатыр. Сондықтан әрбір халық өз ана тілін сақтап қана қоймай, оны күнделікті өмірде кеңінен қолданып, дамытуға үлес қосуы тиіс.



Қазақ тілі – мағынасы терең, сөздік қоры бай, синонимдік тіркестері мол, көркем де шұрайлы тіл. Халқымыздың жұраулары, билері мен шешендері ана тіліміздің құдіреті арқылы ел бірлігін нығайтып, дауларды шешіп, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

Ал Абай қазақ тілінің көркемдік мүмкіндігін жаңа деңгейге көтеріп, оның

құдіретін бүкіл халыққа таныта білді. Тіл – ұлттың өмір сүруінің басты негіздерінің бірі. Ана тілімізді құрметтеу, оны сақтау және дамыту – баршамыздың ортақ міндетіміз. Өз тілінді сүю өзге тілге құрметсіздік таныту деген сөз емес. Керісінше, өз ана тілін қадірлей білген адам өзге халықтың тілі мен мәдениетін де құрметтей алады.

Бұл бағытта Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында мемлекеттік тілдің қолданылуы мен дамуына тұрақты көңіл бөлінеді. Судьялар мен сот мамандары мемлекеттік тіл мәселесіне арналған дөңгелек үстелдер өткізіп, мақалалар жариялап, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықпен тығыз байланыс орнатып келеді.

2026 жылдың 7 айында сотқа азаматтардан 1977 талап-арызы түссе, оның 365-і мемлекеттік тілде берілген. Ал 2025 жылдың осы кезеңінде түскен 2178 талап қою арызының 312-сі мемлекеттік тілде болған. Яғни, мемлекеттік тілде берілген талап қою арыздарының саны 53-ке артқан. Бұл мемлекеттік тілдің сот жүйесінде қолданылу аясының кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тек мемлекеттік қызметшілердің ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. «Өсер ел алдымен өз тілін қадірлейді» дегендей, ана тілімізді күнделікті өмірде кеңінен қолдану арқылы ғана оның мәртебесін асқақтата аламыз.

Тілге деген құрмет – елге деген құрмет. Сондықтан ана тілімізді ардақтап, оның дамуына әрқайсысымыз өз үлесімізді қосуымыз қажет.

Бауыржан АЛИМБАЕВ,
Батыс Қазақстан облысы
мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының
бас маманы-сот
мәжілісінің хатшысы

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ – 40 ЖЫЛ

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЖАЗЫЛҒАН ЖОҚ ЖАРАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Чекистер ме дерсің... Кешке қарай алаңда дүрбелең басталды. Қарулы жасақпен қоршау тарылып келе жатты. Сол сәтте:

– Қашыңдар! – деген айқай естілді. Біз жан-жаққа бытырап қаша жөнелдік.

Кімнің қайда кеткенін, кімнің қасымда қалғанын аңғара алмай қалдым. «Океан» дүкенінің қарсысында үйлер бар еді. Жолдың арғы бетінде өзім қатарлас бір топ жастың бір үйге қарай жүгіріп бара жатқанын көрдім. Мен де сондарынан ердім. Подъезге кірдік.

– Жоғарыға шығайық, – деп ымдастық.

Арамызда ерлі-зайыпты орыс азаматтары да бар еді. Екінші қабатқа көтеріліп келе жатқанымда сыртқы есік сарт етіп ашылды. Төменге қарадым. Бірнеше адам кіріп келе жатыр. Бастарындағы шляпасы, үстіндегі пальтосы – алаңды қоршап келген әлгілер екенін бірден таныдым. Жоғарыдағыларға қарап: «Біттік...» – деппін.

Бәріміз соңғы қабатқа қарай жүгірдік. Орыстар есіктердің қоңырауын басып жатты. Ал біз, қазақ қыздары, үнсіз состиып тұрмыз. Төменнен әлгілердің аяғының дыбысы жақындап келеді.

Мысық сияқты дыбыссыз көтеріліп келе жатқандай. Қашып екінші қабатқа көтерілгенде қасымызға жетті. Біріншісі маған тарпа бас салып, бар күшімен итеріп жіберді. Мен баспалдақпен төмен қарай домалап, сыртқы есіктен бір-ақ шықтым. Сыртта біздерді тосып көп сарбаздар тұрғанын сонда көрдім. Қашып үлгермегендер таяқтың астына түсіп жаттық.

Көшеде милицияның УАЗ-ы күтіп тұр екен. Сарбаздардың қолында дубинкасы бар. Бізді ұрып-соғып машинаға тықты. Бізбен бірге болған екі орыс азаматты алдына, өздерімен бірге отырғызды. Біздер артқы жағына біріміздің алдымызға біріміз отырып, сығылысып қалдық. Қасымыздағы тағы бір қызды машинаға сүйреп келгенде аяғы тайып құлап кетті. Оған қараған ешкім жоқ. Керісінше дубинкамен басын қатты ұрып жібереді. Сонда қыздың құлағы жыртылып кеткен екен. Жеткенше құлағын ұстап, жылап отырды.

Екі орыс азаматты да аямады. Жақтарынан салып-салып ұрып, ауыр сөздермен балағаттады. Екеуінің жас шамасы 25-27-де шығар. Ерлі-зайыпты екені көрініп тұр.

Сол бойы бізді алаңға әкеліп, мал секілді сүйреп түсірді де, су араласқан қардың үстіне тізерлетіп отырғызды. Овчарка жетектеген солдаттар жан-жақтан күзетіп тұрды. Орнымыздан сәл қозғала қалсақ не итін айтақтайды, не дубинкамен ұрады.

Сол суық түнде уақыт тоқтап қалғандай еді. Түнгі сағат бірге қарай мені Мясосокомбинат жақтағы бөлімшеге алып кетті. Адам соншалық көп еді, ауа жетпей, аяғымыз жерге тимей, бір-бірімізді басып, тұншығып қала жаздап әзер жеттік. Машинаның іші айқай мен жылауға толы. Түрме ғимаратының алдына келгенде екі жақта солдаттар сап түзеп тұрды. Әрқайсысының қолында дубинка, жетегінде иг. Машинадан түскеннен бастап түрменің есігіне жеткенше екі жақтан ұрып отырды. Иттер абалап, жанымызды қоярға жер таптырмады. Таяқтың астынан өтіп, ішке әзер кірдік.

Үлкен бөлмеге өтсек, адам толып тұр екен. Отыратын жер жоқтың қасы. Арасында апалар мен атқалар да бар. Мектеп жасындағы балалар да отыр. Біреулерін көшеден ұстап әкелген. Біреулерін жұмыстан қайтып келе жатқан жерінен алып кеткен. Бәрінің жүзінде бір сұрақ. «Біз не істедік?»

Сәлден соң біртіндеп адамдарды жауапқа шақыра бастады. Менің де кезегім келді. Тергеуші жасы үлкен адам екен. Ұлты тау халқының біріне ұқсай



тын. Мен сол күні не болғанын басынан аяғына дейін жаздым. Қасымда кімдер болды, қайдан келгенімді – бәрін айттым. Тергеуші үнсіз тыңдады. Сосын еңкейіп, жай ғана сыбырлап:

– Алдағы тексерістерде де дәл осылай жауап бер. Артық ештеңе қоспа. Өзгертпе, – деді.

Оның осы сөзі менің есімде мәңгі қалды. Мен қайтадан бөлмеге келдім. Бұл жолы кісі қарасы азайып қалыпты. Жаңа ғана қасымда отырған апа да, ата да, кішкентай балалар да жоқ. Мені тағы бір-екі қызбен бірге басқа бөлмеге ойладым.

Таңғы төрт шамасы еді. Қолымызды артқа қайырып, далаға шығарды.

Сол кезде бір қыз «атуға алып бара жатыр» деп сыбырлап үлгерді. Жүрегім мұздап кетті. Бұрын атылған Алаш арыстары есіме түсті. «Біздің де тағдырымыз солар сияқты бола ма?» деп ойладым.

Суретке түсіру үшін бас киімімді жұлып алғанда, каннан телпегім басыма жабысып қалған екен. Желкемді қайта қан жауып кетті. Қатар тұрғызды. Күн суық. Жел бетті қарып барады. Шашымыз жалбырап, үсіп тұрмыз. Біраздан кейін суретке түсіре бастады. Ұрсып, балағаттап, қайта ішке қамады.



Таңертең бізді Саяхат жақтағы бөлімшеге көшірді. Ұмытпасам, Москва АІБ. Бұл жерде кітап баспасында жұмыс істейтін қыздармен бірге отырдым. Ешкім сөйлеуге батпайды. Әркім өз ойымен әлек. Бір кезде қайтадан тергеу басталды. Бұл жолы мені қазақ тергеуші қабылдады. Мен бұрынғы тергеушінің ақылын ұмытпай, сол баяғы түсініктемені жазып бердім. Кейін де әр тергеуге барған сайын дәл солай жазып жүрдім.

Тергеушінің жүзі жылы еді. – Қарындасым, қолымнан келгенше көмектесемін. Таңға жақын шығарып

жіберуге тырысамын. Ұйықтап қалмаң, – деді.

Сол бір ауыз сөз жүрегіме жылу ұялатты. «Қазағым-ай...» деп ішімнен жылағым келді. Бөлмеге қайта кірсем, кейбір қыздардың киімі жыртылған. Қатты таяқ жеген. Біреулері өкіріп жылап отыр. – Не болды оған? – деп сұрадым.

Үлкендеу бір қыз: – Сен бәрібір түсінбейсің не болғанын, – деді. Мүмкін мені кішкентай деп ойлаған шығар. Тергеушінің: – Кітап баспасының қырық қызы осында, – деген сөзі де есімде қалыпты.

Тамақ ішпедік. Бір кезде екі кемпір итаяққа құйғандай бірдене әкеліп қойды. Екі картоп жүзіп жүрген сұрғылт су. Ауылда итке тамақ беретін кішкентай алюминий табақтар болатын. СССР кезіндегі кір-қожамақ, майысқан ернеулі ыдыстар. Сол сияқты еді. Жиіркеніп кеттім. Ішпек түгілі, қолыма да алғым келмеді.

Қарауылда тұрған жігіт қазақ емес еді. Ұйғыр ма, өзбек пе, әйтеуір орысша сөйлейтін. Қыздар ақылдасып, бір пакет печенье алдырып екі талдан бөліп жедік.

Содан кейін кірпік ілмей таңды күтумен отырдым. Ұйқы қысып, арасында қалғып кетемін. Таңғы төрт жарымда мені де шақырды. Есікке қарама-қарсы отырған едім. Дәлізге шықсам, басқа бөлмелерден де қыздар мен жігіттер шығып жатыр. Қаптаған есіктер. Әр есікте кішкентай ғана торлы терезе. Сол тордың ар жағынан адамдар қарап тұр. Бір кезде олар шиыршықталған қағаздарды бізге қарай лақтыра бастады. Қарауылдың көзін ала бере, үш-төрт қағазды көтеріп алып, қалтама салып алдым. Бізді біртіндеп сыртқа шығара бастады. Соңғы жағында келе жатқанмын. Бір адам сыбырлап:

– Қарындасым, мына талондарды тығып қойшы. Аман-сау шықсам, барып аламын. Мекен жайынды айтшы, – деді.

Қарасам, бізден үлкендеу аға екен. Мекенжайымды айтып үлгердім де, талондарын алып қалдым. Кейін ол кісі келіп, рақметін жаудырып, алып кетті. Қазір оның жүргізуші екенін білемін, бірақ қай автобусты жүргізгені есімде жоқ.

Таңғы төрттен асқан кез. Автобус аялдамасына қарай жалғыз келе жатым. Басым зілдей ауыр. Ақ түсті тоқыма бөркіме қан ұйып, қатып қалған. Үстімдегі киімнің сау-тамтығы жоқ. Жыртылған, қан іздері бар, кір-қожамақ. Автобусқа зорға міндім. Сонда ғана бір қолымның көтерілмейтінін, бір аяғымның дұрыс баспайтынын байқадым. Басымның неге сонша ауырғанын да далаға шыққанда сезіндім.

Автобус ішінде өңкей орыс шалдары мен кемпірлері отыр екен. Таң атпай қайда бара жатқандары белгісіз. Жүргізуші де орыс. Бәрі тегіс бұрылып маған қарады. Көздерінен мені жек көріп тұрғанын байқадым. Автобустың артқы терезесіне барып тұрдым. Екі қолымды екі жаққа қойып, мен де қасқайып қарадым. Ішімнен: «Атқыш болсаңдар, қазір атыңдар. Бәрібір Қазақстан – Алматы. Біздікі», – дедім.

Жатақханаға жеткенде, мені көргендер аң-таң болды. Бәрі мені өліп қалды деп ойлаған екен. Біреулері қызықтап сұрады. Біреулері жылап, құшақтап жатыр. Бөлмеге кірсем, Нұршат пен Хадиша отыр екен. Нұршат төсекте жатыр. Орнынан тұра алмайды. Хадишаның беті көгеріп, ісіп кеткен. Көздері ісіктен жарғылай ғана ашылды. Мұрны мен беті бір-біріне қосылып, тегістеліп кеткендей. Бір-бірімізге қарап бірде жылаймыз, бірде күлеміз. Адам баласы кейде қайғының шегіне жеткенде де күледі екен.

Сосын қалай ұсталғанымызды айта бастадық. Нұршатты алаңға жақын «Береке» деген гастронимның қасындағы ағаштармен қоршалған қалқалау жерден ұстаған екен. Сол жерге курсанттар тығылып тұрған. Жоғарыдан жүгіріп келе жатқан адамдарды аңдыған. Дүкеннің алды сәл биіктеу еді. Төменге түсе бергенде бір жігітті бес курсант теуіп жатқанын көрген Нұршат жігіттің үстіне жата қалып «Мен қыз баламын ғой, мені тебе қоймас», – деп ойлаған екен. Бірақ олар қыз екеніне қарамапты. Бесеуі жабылып Нұршатты да тепкілеп тастаған. Содан кейін бүйрегін көтере алмай қалды. Алғашқы көмек көрсетуді сұрап, заводтың медбикесіне жүгірдік. Бірақ бізді балағаттап: «Алқаштар! Наркомандар!» – деп қуып шықты. Түні бойы Нұршат кірпік ілмеді. Ұйқы қайда...

Ертесінде жуынғанда ғана денемнің бар жері көгеріп, қанталап, ісіп кеткенін көрдім. Басымның ауырғаны басылмайды. Оның үстіне Нұршаттың жағдайы қиындап, түнімен соған алаңдап шықтық. Бірнеше күн осылай не ішіп, не жегенімізді білмейміз. Қорқып, ұйықтап кетсек сандырақтап оянамыз. Бірақ әңгіменің ең ауыры әлі алда еді. Бізді жолдастық сотқа, комсомол сотына, кәсіподақ сотына сүйреп, үш күн әуреледі. Бүкіл елдің алдында Нұршатты жұмыстан шығарды. Мені бас инженер-технолог Зуфар аға қорғап қалды.

Бір аптадан соң құжаттарыңды алып келіндер деп өзіміздің кіші әкімдікке шақырды. Тағы жауап. Тағы айқай. Тағы ұрыс. Көзімізше бірқатар қағазды, комсомол билеттерін өртеп жіберді. Не үшін өртегендерін білмейміз. Тек қарап тұрдық. Күндегі осындай айқай мен қорқыныштан ауырғанымды да ұмытып кететінмін. Бірақ дәрігерге қаралуым керек екенін сездім. Жүрегім айнады. Басымды көтере алмаймын. Ұйқыдан әзер оянамын. Барсақ дәрігерлер қабылдамайды.

Хадиша мен Нұршат жатақхананы тапсырып, кетіп қалды. Нұршатты осында тұратын апайы ауруханаға жатқызды. Бірақ бәрі тым кеш еді. Тепкіден бүйрегі езіліп кеткен екен. Операция жасалғанымен, дұрыс болмады. Ақыры Нұршат екі жылдан кейін 19 жасында қайтыс болды.

Ештеңе көрместен, ештеңеге үлгерместен...

Сол күндерді еске түсірудің өзі жүректі ауыртады. Мен емделе алмай, ақыры бір күні жұмыста жүргенімде басым айналып, құлап қалдым. Содан кейін ауруханадан бір-ақ шықтым. Бір жыл бойы емделдім. Бір ай ауруханада, бір ай үйде. Маған 1988 жылы үшінші топтағы мүгедектік тағайындады. Содан кейін заводта денсаулығымға байланысты жеңіл жұмысқа ауыстырылдым. Сол арада әр ай сайын прокуратураға барып белгіленіп тұруымыз керек еді. Барғанда арнайы анкета толтырамыз. «Ешқайда шықпадым. Ешкіммен сөйлеспедім. Ешкімді көрмедім» деп. Сөйтіп жылдар өте берді. Оқуды мүлде ұмытып кеттім. Қайта тапсыру үшін мінездеме керек еді. Бірақ артыруда қоңырауы бар маған оқуға келісті мінездемені кім берсін?! Ол кезде мінездеме деген жай ғана қағаз емес еді. Ол – адамның тағдырын шешетін мөр секілді болатын.

Денсаулығым да жарамсыз болып қалды. Басым жиі ауырады. Бірақ мені емдеген орыс дәрігер жақсы қарады. Невропатологта ұзақ жылдар есепте тұрдым. Үй кезегім де келген еді. Бірақ «халық жауы» деген атағым болғандықтан, кезектен алып тастады. Кейде сол жылдарды есіме алсам, өз өміріме өзім сырттан қарап тұрғандай боламын. Басқа әлемде жүргендеймін.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Желтоқсаншылардың ақталып жатқанын естідім. Бірақ жүрегімде бір қорқыныш қатып қалған еді. Құжаттарымыз тапсыра алмадым. Адамдарға деген сенімім жоғалған шығар. Өйткені мені жауапқа алған да, құжаттарымызды өртеген де, ұрып-соққан да, балағаттаған да өз еліміздің азаматтары еді.

Бір күні өзімнен өзім ұзақ сөйлестім. «Не болса да, тапсырамын. Не

денсаулығым жоқ. Не оқыған оқуым жоқ. Не кезегім келіп тұрған үйімді ала алмадым. Жалғыз ұлыммен әлі күнге жалдамалы пәтерде тұрамын. Енді жоғалтатын нем қалды?» – дедім. Сөйтіп тәуекелге бел будым. Құжаттарымызды тапсырдым. Ешкімнің көмегінсіз ақталдым. Архивтен құжаттарымыз шықты. Ақталғанымды растайтын қағазды қолыма алған сәтте Аллаға сансыз шүкір айттым.

Жолда ақталу қағазын қолыма ұстаған бойда алаң жаққа бұрылдым.



Азаттықтың жүгі ауыр

Желтоқсанды мен бүгін еске аламын, Боздақтардың алаңға аттанғанын. «Колбин мырза келді», – деп ел басына, Наразылық шерудің басталғанын.

Жастар едік сол кезде білім қуған, Ұстаздардан тәрбие-тәлім алған. Қол ұстасып алаңға біз де аттандық, Ата-баба ұрпағы жолын қуған.

Алаңда жиналған жұрт абыр-сабыр, Апа, апай, қарындас – бәрі бауыр. Наразылық нышанын білдіреді, Қайдасың – деп, «Қасқалдақ қара бауыр».

«Қазақстан – елім», – деп әнге салып, Мінбе жаққа бет алдық, қол ұстасып. Сабын түзеп, қоршаған сарбаздар тұр, Бастан-аяқ жасанып, қару асып.

Жантүршігер сәттерді еске аламын, Кейде мұздап жүрегім, мұңаымын. Азаттықтың жолында құрбан болған, Боздақтарды бір сәтке еске аламын.

Еске аламын достарды бірге болған, Қиын-қыстау сәттерде қолын созған. Желтоқсанның ызғарлы түні есімде, Тәуелсіздік күніне түрткі болған.

40 жылдық мерейтой құтты болсын, Абыройың әрдайым үстем болсын. Қол жетпеген арманы бабаларың, Тәуелсіздік тұғырың мықты болсын!

Нұрхалық СЕЙТҚАЗЫҰЛЫ,
Желтоқсан ардагері
ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ

Сол баяғы жүгірген, қашқан жерлеріме бардым. Бір кезде бізді тізерлетіп қойған жерге жеттім. Жерге тізерлеп отырдым. Сосын көп жыл бойы көмейімде қатып қалған өксік сыртқа шықты. Жыладым. Ұзақ жыладым. Сол сәтте ғана әлдебір ауыр жүк түскендей болды. Желтоқсанның суық желі бетімді өбіп өтті.

Осыдан қанша жыл бұрын дәл осы жерде бір қыз бала қорыққан, аязда тоңғаннан дірілдеп отырған еді. Ол қыздың қолында қару да, бойында күште жоқ еді. Тек жүрегінде еліне деген сенімі ғана бар еді. Сол қыз әлі де менің ішімде өмір сүріп келе жатқанын сонда түсіндім. Жылдар бойы үнсіз қалған оның дауысы сол күні қайта естілгендей болды: «Мен тірімін. Мен ұмытқан жоқпын. Менің елім бар. Менің Қазақстаным бар».

Ал бүгін сол алаңдағы соққан жел сол сөздерді әлдебір алысқа әуелетіп ұшырып алып кеткендей болды. Мен ұзақ жыладым, көз жасымды сұрттім. Сосын ақырын орнымнан тұрдым. Ағымда – қанша жылдық қасірет. Ал алдымда – тәуелсіз елдің аспаны. Сол сәтте «Шүкір...осы күнге жеткізгеніңе шүкір» дедім. Бірақ құрбым Нұршатты маңында тұрады. Тәуелсіз елдің ұрпағы алдында Нұршаттың өлімі ақталып, тартқан азабы мен батырлығы дәріптелсе деймін.

Ұ.ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ІЗГІЛІК

РАҚЫМШЫЛЫҚ
КІМДЕРГЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

2026 жылғы 1 шілдеде қабылданған «ҚР жаңа Конституциясының қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң азаматтардың құқықтарын қорғауға және өлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытылған.

Рақымшылық тек қылмыстық жауаптылыққа емес, заңда көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарға да қолданылуы мүмкін. Сондықтан аталған заңның әкімшілік құқық бұзушылық саласындағы қолданылу тәртібін зерттеу өзекті.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен реттеледі. Рақымшылық туралы заң күшіне енгеннен кейін оның талаптарына сәйкес келетін адамдар әкімшілік жауаптылықтан босатылуы немесе оларға салынған әкімшілік жазалар тоқтатылуы мүмкін.

Заңның 7-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтары, кәсіпкерлік субъектілері (Қазақстан Республикасында дара кәсіпкер ретінде тіркелген), жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, заң консультанттары болып табылатын жеке тұлғалар әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін осы заң қолданысқа енгізілетін күнге орындалмаған әкімшілік айыппұл түрінде қолданылған әкімшілік жазадан не оның осы заң қолданысқа енгізілетін күнге орындалмаған бөлігінен босатылады, олардың істері ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 685 – 735-1-баптарында көрсетілген уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) ведомстволық бағыныстылығына жатады.

Осы заңның 8-бабында көрсетілгендерді қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша айыппұл салу туралы қаулының, ескерту немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың негізінде қозғалған атқарушылық іс жүргізулер «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңына сәйкес тоқтатылуға тиіс.

Осы заңның 8-бабында көрсетілгендерді қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген, мемлекеттік кіріс органдары қараған айыппұл салу туралы қаулылардың орындалуын мемлекеттік кіріс органдары тоқтатуға тиіс.

Рақымшылық әрбір құқық бұзушыға автоматты түрде қолданылмайды. Заңда көрсетілген санаттарға ғана таралады және уәкілетті мемлекеттік органдар осы заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде заңның орындалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды, әрбір істі жеке қарайды. Егер заңда белгілі бір әкімшілік құқық бұзушылықтарға рақымшылық қолдануға тыйым салынса немесе олар ерекшелік ретінде көрсетілсе, мұндай жағдайларда рақымшылық берілмейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу барысында рақымшылық қолданылған кезде әкімшілік іс тоқтатылып, тұлға әкімшілік жауапкершіліктен босатылады немесе орындалған әкімшілік жаза күшін жояды. Бұл ретте

құқық бұзушылықтың жасалған фактісі жойылмайды, тек құқықтық салдары жеңілдетіледі.

Сонымен қатар, ең маңыздысы заң күшіне енгеннен кейін соттарға азаматтардан рақымшылықты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қолдану туралы көптеген өтініштер түсуде. Атап айтқанда, өтініш берушілер сот қаулысымен тағайындалған көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жазадан босатуды, сондай-ақ әкімшілік айыппұлдарды рақымшылық актісі негізінде тоқтатуды сұрайды.

Алайда мұндай өтініштер қанағаттандырылуға жатпайды.

Себебі, аталған заңның 8-бабында рақымшылық қолданылмайтын жағдайлар нақты көрсетілген, оған сәйкес соттар тағайындаған әкімшілік жазаларға рақымшылық қолданылмайды. Яғни, сот қаулысымен белгіленген әкімшілік жаза-жүргізуші куәлігінен айыру немесе әкімшілік айыппұл рақымшылық туралы заңның қолданылу аясына кірмейді.

Рақымшылықты дұрыс және біркелкі қолдану азаматтардың құқықтарын қорғауға, құқық қолдану тәжірибесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және мемлекеттік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етеді. Сондықтан рақымшылық нормаларын қолдану кезінде заң талаптарын нақты сақтану және әрбір істің мән-жайын жан-жақты бағалау қажет.

А.БИСЕНАЛИНА,
Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

CREATIVE АИМАҚ ЖОБАСЫ

2026 жылғы 29-30 тамызда Астанадағы Qazaq Creative Hub алаңында республикалық Creative Aimaq жобасы аясында Түркістан облысының креативті индустриялар жәрмеңкесі өтті.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
КРЕАТОРЛАРЫ 21 МЛН
ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІН САТТЫ



Жәрмеңкеде өңірден келген 50 креатор өз өнімдері мен шығармашылық жобаларын таныстырды. Көпшілікке кәдесыйлар, зергерлік бұйымдар, ұлттық кілемдер, заманауи дизайнерлік киімдер, ат әбзелдері, домбыра, сондай-ақ киізден, ағаштан және қыштан жасалған бұйымдар, сәндік паннолар, жібек орамалдар, тақиялар, көрпешелер мен сөмкелер сатылды.

Екі күн ішінде жәрмеңкеге 5 200-ге жуық адам барды. Креаторлар жалпы 21 млн теңгенің өнімін өткізді.

Іскерлік және мәдени бағдарлама аясында шеберлік сабақтары өтті. Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларға негізделген инновациялық жобалар мен стартаптар таныстырылды. Келушілер үшін сән көрсетілімі мен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Жәрмеңке өңір креаторларына өз туындыларын елорда жұртшылығына танытып қана қоймай, жаңа серіктестер табуға, іскерлік байланыс орнатуға және өз брендтерін кеңінен насихаттауға мүмкіндік берді.

Creative Aimaq жобасы әлі де жалғасады. Келесі кезекте Жамбыл облысының креаторлары өз өнімдері мен жобаларын таныстырады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі



ПӘРМЕН

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Жақында 102-телефонына Кентау қаласы, Яссауи даңғылы, №108 үйдің ауласында қоқыс жәшігінде адам жатқаны жайында аты-жөні белгісіз адам хабарлаған.

Тәртіп сақшылары хабарламаға байланысты шұғыл тексеру жұмыстарын жүргізді. Жедел-тергеу тобы аталған аумаққа дереу барып, сол маңды, соның ішінде қоқыс жәшіктерін тексерді.

Полиция қызметкерлерінің жүргізген тексеру жұмысын көрген қала тұрғындары «Кентауда маньяк шығыпты» деген видео мен хабарламаны ватсап арқылы таратып, тұрғындарды дүрсілкіндірген. Алайда ақпарат расталмады. «Хабарламаның шыққан көзі және оның таралу жолдары анықталып жатыр. Тексеру нәтижесінде заңнамаға сәйкес тиісті шешім қабылданады»,

– деп жауап берді Кентау қалалық ПБ Кезекші бөлімінің бастығы полиция майоры Қайрат Байтөлеуов.

Қайрат Әмірбекұлы азаматтарды тексерілмеген ақпараттарды таратпауға шақырады және көрінеу жалған ақпарат үшін жауапкершілік қарастырылғанын ескертеді.

Раушан НАРБЕК

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

«ҰСТАЗДАР ЕҢБЕГІ –
ТҰТАС ҰЛТТЫҢ ТӘРБИЕСІ»

Биылғы конференция Шәмші Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайында «Жаңа халықтық Конституцияның нормалары мен құндылықтары: адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» тақырыбында ұйымдастырылып, білім сапасын арттыру мен білікті мамандар даярлау мәселелеріне арналды.



Жиынға қала әкімі Жандос Тасов, қалалық маслихат төрағасы Қаблан Елеусізов, қалалық білім беру бөлімінің басшысы Әділ Әуелбеков және білім саласының ардагерлері мен қызметкерлері, мектеп директорлары, педагогтер, ата-аналар және

білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

Конференция барысында өткен оқу жылының қорытындылары сараланып, білім сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіру, оқушылардың жан-жақты да-

муына жағдай жасау, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру және жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер талқыланды.

Конференцияның басты мақсаты – тәжірибе алмасу, сонымен қатар жауапкершілігі жоғары, адал азаматты тәрбиелеудің тиімді жолдарын бірлесе талқылау. Конференция бағдарламасы төрт негізгі бағытты қамтыды: инновациялық цифрлық технологиялар көрмесі, пленарлық отырыс, секциялық жиындар қорытындысы бойын-

ша ұсыныстар қабылдау және өңірдің үздік педагогтері мен білім беру ұйымдарын марапаттау рәсімі. Биылғы жиында жаңа оқыту модельдері мен жасанды интеллектті білім беру үдерісіне енгізу мәселелеріне айрықша назар аударылды. Тамыз кеңесінде білім беру саласындағы өзекті мәселелер мен жетістіктері сараланып, жаңа оқу жылына арналған міндеттері айқындалды.

Жиында сөз алған қала әкімі Жандос Тасов білім саласы қызметкерлерін жаңа оқу жылының



басталуымен құттықтап, ұстаз еңбегінің қоғамдағы айрықша маңызына тоқталды. Білім беру саласындағы мемлекеттік қолдау шараларын, саладағы негізгі басым бағыттарды атап өтіп, алдағы жаңа оқу жылында ұстаздарға сәттілік тіледі. Сонымен қатар білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздарға шығармашылық ізденіс, кәсіби табыс және жаңа оқу жылында толағай жетістіктер тіледі.

Кентау қаласы білім бөлімінің басшысы Әділ Әуелбеков «Білім сапасы – адам капиталын дамытудың негізгі факторы: 2025–2026 оқу жылының қорытындылары және 2026–2027 оқу жылының стратегиялық міндеттері» тақырыбында баяндама жасады.

Қалалық білім бөлімі басшысының сөзіне қарағанда «Білім» туралы заңды және мемлекеттік бағдарламаларды іс жүзінде асыруда жауапты 67 білім нысаны бар, оның ішінде 31 мектеп, 33 балабақша, 3 мектептен тыс мекеме (мемлекеттік 23 мектеп, жекеменшік 8 мектеп, мемлекеттік 13, жекеменшік 20 балабақша) бар. Кентау қаласы білім бөліміне қарасты 33 мектепке дейінгі ұйым бар. Оның ішінде – 13-і мемлекеттік, 20-сы жекеменшік.

Жыл сайын оқушылардың ғылыми шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптастыру, ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту мақсатында атқарылған жұмыстар нәтижесінде

жаңа серпілістер байқалады. Қала мектептерінің ұстаздары мен оқушылары «Педагогикалық дебют», «Бастау», «Зерде», «Тұран», «Жас қанат», «Мың бала», «Sport Fest», «Ұлттық мектеп лигасы» жарыстары, Айбын, «Qaisar» әскери патриоттық спартакиадасы сияқты басқа да түрлі бағыттағы ғылыми жобаларға қатысып облыстық, республикалық және халықаралық кезендердің жеңімпаздары атанды.

Сондай-ақ, аталған шарада қалалық аға прокурор Бақберген Абилкасимов «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында, «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалының тренері Айгүл Айдосова «Білім берудегі ЖИ: педагог жұмысын автоматтандыруға көмектесетін жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында баяндама жасады.

Және де қаладағы білім саласының өркендеуіне үлес қосып, үздіксіз нәтиже көрсете білген бірқатар ұстаздар қауымына қала әкімінің алғыс хатымен қалалық білім бөлімінің басшысы марапаттап, естелік сыйлықтар табыс етті.

Жаңа оқу жылы – жаңа мақсаттар мен жаңа мүмкіндіктер кезеңі. Кентау қаласының білім беру жүйесі үшін басты міндет – әр баланың сапалы білім алуына, шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға қолайлы жағдай жасау.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ

МӘСЕЛЕ

Қазақстанның еңбек нарығында мамандарға деген сұраныс біртіндеп өзгеріп келеді. Соңғы жылдары мемлекет техникалық және кәсіптік білімге басымдық беріп, жұмысшы және инженерлік мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік тапсырыстың үлесін арттырды. Мұның басты себебі – экономикадағы нақты кадр қажеттілігі. Өндіріс, энергетика, құрылыс, көлік және технология салалары дамыған сайын белгілі бір кәсіпті меңгерген білікті мамандарға деген сұраныс та артып отыр.

2026 жылы Қазақстан колледждеріне мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 133 мың студентті қабылдау жоспарланған. Оның 70 пайызы техникалық бағыттар бойынша кадр даярлауға бөлінеді. Қазір елімізде 763 колледж жұмыс істейді, онда 556 мың студент білім алып жатыр.

Техникалық бағыттарға машина жасау, энергетика, көлік, құрылыс, ақпараттық технологиялар, металлургия, геология, тау-кен өнеркәсібі және басқа да салалар кіреді. Яғни, мемлекеттік тапсырыстың басым бөлігін осы бағыттарға беру арқылы жастарды еңбек нарығында нақты қажеттілігі бар кәсіптерге даярлауға мән беріліп отыр.

Кадр даярлау жүйесіндегі басты мәселелердің бірі – диплом алған жастардың барлығы бірдей өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Оқу-ағарту министрлігінің дерегіне сәйкес, мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған колледж түлектерінің жалпы жұмыспен қамтылу деңгейі жоғары болғанымен, олардың шамамен 50 пайызы ғана алған мамандығы бойынша еңбек етеді. Бұл білім беру жүйесі мен еңбек нарығының қажеттілігі арасында әлі де сәйкессіздік бар екенін көрсетеді. Сондықтан қазір мемлекеттік тапсырысты тек талапкерлердің қызығушылығына қарай емес, кәсіпорындардың нақты қажеттілігіне сәйкес қалыптастыруға мән беріліп отыр.

2026 жылы кәсіпорындардың өтінімдері негізінде 10 мыңнан астам



студентті колледждерге қабылдау жоспарланған. Мұндай мақсатты даярлаудың ерекшелігі – кейін түлекті жұмысқа орналастыру көзделеді. Бұл тәсіл жас маманның диплом алғаннан кейін жұмыс іздеп ұзақ уақыт жүру қаупін азайтуға бағытталған. Ал кәсіпорын өзіне қажет маманды алдын ала даярлауға мүмкіндік алады.

діріс орындарына дәнекерлеушілер, слесарь-жөндеушілер мен электромеханиктер қажет. Көлік саласында автомобиль жөндеу, теміржол тасымалын ұйымдастыру және техникалық қызмет көрсету бағыттарында кадр даярланады. Мемлекеттік тапсырыста геология, тау-кен өнеркәсібі, энергетика, металлургия және машина жа-

сау, көлік, ақпараттық технологиялар, құрылыс және коммуналдық шаруашылық сияқты бағыттарға басымдық беріліп отыр. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында 2026–2027 оқу жылына арналған кадр даярлау бо-

екенін көрсетеді. Өңірлердегі кәсіпорындарға да нақты кәсіби дағдысы бар мамандар қажет.

Кадр тапшылығын тек мемлекеттік тапсырыс санын көбейту арқылы шешу мүмкін емес. Білім беру бағдарламасының өзі кәсіпорындағы нақты жұмысқа сәйкес келуі қажет. Осы мақсатта колледждер жұмыс берушілермен бірлесіп кәсіптік стандарттар, мемлекеттік білім беру стандарттары және WorldSkills талаптарын ескере отырып, 500-ге жуық білім беру бағдарламасын әзірлеп, жаңартқан.

Бұл өзгерістің мәні – студентті тек теориямен емес, жұмыс берушіге қажет нақты дағдылармен даярлау.

Сонымен қатар 27 колледжде білім беру бағдарламаларының халықаралық салалық және кәсіптік талаптарға сәйкестігі бағаланған. Оның нәтижесінде 134 педагог пен 347 студент халықаралық сертификаттарға ие болған. Осылайша колледж бен кәсіпорын арасындағы байланыс біртіндеп күшейіп келеді. Бұрын оқу орны маманды өз бағдарламасы бойынша даярлап, оның кейін қайда жұмысқа орналасатыны екінші кезекте қалса, қазіргі модельде жұмыс берушінің сұранысын білім беру кезеңінен бастап ескеру көзделеді.

Кез келген диплом автоматты түрде тұрақты жұмысқа кепілдік бермейді. Мұны мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған колледж түлектерінің тек жартысына жуығы өз мамандығы бойынша еңбек ететіні де көрсетіп отыр.

Сондықтан бүгінгі еңбек нарығында «қандай диплом алдың?» деген сұрақпен қатар «қандай жұмысты кәсіби деңгейде атқара аласың?» деген сауалдың маңызы артып келеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

4. Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Пролетарка орта мектебі» КММ (БСН 000440000995) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай облысы, Бородулиха ауданы, Новошұльба ауылдық округі, Ақши ауылы, Ақжол көшесі, 37-құрылыс.

5. «КАЗАХСТАНСКАЯ ПАЛАТА НАЛОГОВЫХ ЮРИСТОВ» қоғамдық бірлестігі (БСН 230440041761) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қорғалжын шоссеcы, 23-үй, т.е.б. 1.

6. «Max Car Group» ЖШС (БСН 231140034631) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 3-шағынауданы, 19/3-үй.

7. «Кредиттік серіктестік «Сенім-Капитал» ЖШС (БСН 210540025284) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Әбілқайыр хан көшесі, 40-үй. Тел. +7 701 111 81 52.

9. «МЕРЕЙ МЕКТЕБІ» ЖШС (БСН 210940021781) (Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, Шеркала тұрғын үй алабы, құрылыс 622/4), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 27-шағынаудан, 16-үй, 53-пәтер. Тел. 8 778 304 94 84.

10. «B-AutoGroup» ЖШС (БСН 230140019000) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Бақтыбай батыр көшесі, 57-үй. Тел. +77054742610.

12. «Лэз-Ай» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 260840020673) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Та-

лап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Мақталы ауылдық округі, Шолпанқұдық ауылы, Тауелсіздік көшесі, 21-үй, индекс 160516.

ӘРТҮРЛІ

2. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 2026 жылғы 21 тамыздағы № 7527-26-00-2/14672 ұйғарымымен «Темірбетон-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің оналту рәсімін қолдану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды, уақытша әкімші болып Ж.Ж. Мұхамеджанова тағайындалды. Кредиторлардың талаптарын уақытша әкімші Зухра Жақысбайқызы Мұхамеджанова Астана, Кенесары көшесі, 46-38 мекенжайы бойынша қабылдайды, 87015364487, 120612052308muha@mail.ru.

3. Қостанай қалалық сотында 2026 жылы 26 тамызда Қостанай қаласының тұрғыны, мекенжайы Қостанай қаласы, 7-шағынаудан, 115-үй, 24-пәтер Влада Витальевна Савинованың арызы бойынша Қостанай қалалық сотында 30.05.1970 жылы туған Қостанай облысының тумасы Виталий Александрович Савиновты қайтыс болды деп жариялау туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде азамат Виталий Александрович Савинов туралы мәліметтері бар тұлғаларға сотқа хабарлауы сұралады. Сот мекенжайы: ҚР, Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72, тел. 8(7142)5744-31, электрондық мекен жайы: 100203@sud.kz.

МҰРАГЕРЛІК

8. 2026 ж. 23 сәуірде қайтыс болған Опабеков Айбек Дуйсеналиевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.А.Аббасоваға келесі мекенжай бойынша хабарласуларын сұраймыз: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағынауданы, 160-квартал, 507/1. Тел. +7 705 868 15 15.

Қызылорда облыстық соты және ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы әріптесіміз, Қазақстан Республикасы қассациялық сотының судьясы Оспанова Жанат Әнуарқызына жолдасы

ЖАНҚОЖАЕВ
Бітөре Имантайұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zaninfo.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, РВК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА!

(*Соңы. Басы өткен сандарда*)

Бұл – мұғалім сабақ беріп жатқанда да, үзілісте де, кешке үйінде де әрбір 25 минут сайын үздіксіз телефон шырылдап тұрды деген сөз. Әлеуметтік желілерде Самалдың өзінің жеке парақшасы болған (Samal Dau). Парақшадағы әрбір суретке қатысты мұғалімге тіл тигізетін, мұғалімнің жеке өміріне араласатын комментарийлер саны 7136 (оқу жылына шаққанда күніне шамамен 25-26 пікірден келеді). Қосымша тіркелді. 12 том».

Абылай «Мынасы түсініксіз екен, 12 томы несі» деп ашып қарап еді, Самалдың достарымен отырған суретінің астына LEILA akka-уынтымен «Қыдырып жүрсіз бе, ал менің балам сабақ оқып отыр», одан соң «Ашық киінбеңіз, оқушыларыңыздан ұялмайсыз ба?», «Сіз неге көп қыдырасыз, сіздің жұмысыңыз сабақ беру емес пе?», «Неге көлде купальникпен түскенсіз, ол балаларға жаман әсер береді» деген секілді жазбалар екен. Барлығы 12 том болыпты. Ләйланың 9751 рет телефон соққаны мен 7136 рет инстаграмда жазған комментарийлері.

Құдай-ау, мынау сұмдық қой... Кім білген, бұл Ләйла нағыз барып тұрған маньяк екен ғой, ал, Самал болса кибербуллинг құрбаны болып тұр ғой. Ие... Кім білген... Самал! Қате ойлағанымызды кеше гөр. «Аққа құдай жак» демекші, бұл істі ақырына дейін жеткізу менің парызым деп білемін, – деп Абылай өзіне серт берді.

Департамент басшысы бұл жайлы естігенде үнсіз қалды. Тағдырдың талай сынағынан өткен генерал біраз үнсідіктен соң ғана ойын айтты.

– Бір іс, үш күдікті. Бірі Самалды өлімнен құтқармаған, екіншісі немқұрайлы басшы, өз міндетіне салғырт қараған, ал үшіншісі кибербуллинг арқылы өлімге итермелеген. Да... енді болмағанда самоубийства деп істі жабатын едік. Сәл қалған екен ғой бұрыс кетерімізге. Енді Алданова Ләйланың іс-әрекетін нақтылап дәлелдеу керек секілді.

– Мен бұл істің анық-қанығына жетемін, генерал мырза.

Кабинетіне барар жолда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам...» дегені есіне түсіп кетті. «Ие...Сол сияқты білім беруші мұғалімдерді неге бейшара күйге түсірдік. Кейбір жеке мектеп кожайындары бес-алты айлап айлық жалақыларын бермейді екен. Оқушы тауып әкел деп қинайды екен. Бұл туралы әлеуметтік желі әңгімеге толып тұр. Неге бұлай?»

Енді іс бағытының 180 градусқа бұрылатын түрі бар. Абылай қаза болған Самалдың атын тездетіп жаладан аршып алуға тырысқанымен, бұл іс аса бір тыңғылықты дайындықты талап ететінін де түсінді. Уақыт та өтіп барады, қара суығын алып қараша айы да келіп жетті. Әлеуметтік желіде «Дайын тұрған істі не үшін сотқа жібермей жатыр» деген сұрақ атойлай бастады. Біреулер «Күдіктілер ақша беріп, босап кетейін деп жатыр екен» деп те өсек таратты. Бұған да желі колданушылар бір көтеріліп басылды.

Абылайдың генералдан әйел тергеуші сұрау себебі де ашыла бастады. Ол бұрын Самал сабақ берген, сынып жетекшісі болған 3-б, биылғы 4-б сыныбына мұғалім ретінде тергеуші қызды ұсынды, барлық құжаттары түгелденіп, дәл сол сыныпқа жіберілді. Тергеуші қызға толық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, сауатты әрі кәсіби мамандар шақырылып, барлық сабақ беруі толық солардың бақылауымен өтілді. Тергеуші қыздың ұялы телефоны полицияның толық бақылауында болды. Ұсынылған тергеуші ретінде аудандық полиция бөлімінің қызметкері Инабат Ғаниқызы еді. Ол өте ақылды, байсалды, өз ісінің маманы ретінде таңдалып алынды.

Абылай ойлағандай бастапқы күннен-ақ Ләйланың жазған хаттары Инабаттың уатсабына келе бастады. Ал инстаграмына тіпті дамыл жоқ. Инабат одан заң бойынша тоқтауын сұраса да, ол еш қорықпай, кәсібилікті талап ету өзінің азаматтық міндеті екенін айтуды жалғастыра берді. Уақыт өте келе Инабаттың да жүйкесі сыр бере бастады. Бұл арнайы дайындықтан өткен адам болса да, Ләйланың психикалық шабуылының нәтижесі көріне бастады. Мектеп директорына барып қаншама рет ескертсе де, директор да үнсіз қала берді. Негізсіз шабуылдар, негізсіз айыптаулар, негізсіз арыздар, негізсіз ұрыс барлығы жиналып психикалық ауытқу туғызу қаупін төндіре бастады. Абылай тез шешім қабылдау керегін түсінді.

Барлығы дайын, дәлелдер толық жеткілікті. Бұл жайлы Инабатқа ескертілгенде, оның қуанышында шек болмады. «Мен бұл күн келмейтін шығар», – деп те ойлап қалып едім деді ол. Алданова Ләйла департаментке шақыртылды. Ол ад-

вокатымен бірге келді. Түрінде ешқандай өкініш сезімі жоқ, тіпті ештеме болмағандай күйде.

Тергеу кабинетінде Абылай Самалдың өлімі жайлы сұрақ қоя бастағанда ол «Оның өлімінде менің еш кінәм жоқ» дегеннен танбады. Сол сәтте Ләйлаға 12 томдық құжаттар ұсынылды. Адвокаты екеуі құжаттарды қарап отырған кезде Абылай Ләйланың өңі өзгере бастағанын көрді. Манағы сенімділіктің жұрнағы да қалмаған. Томдарды парақтап қарап отырғанда саусақтары дірілдеп, денесін үрей билегені байқалады.

– Ләйла ханым! Не айтасыз, жауап береміз бе енді?

– Не деп жауап беремін... Мұның барлығын



жазған мен, бірақ мен оған асылып өл деп айтқан жоқпын.

Адвокаты Ләйлаға тесіле қарады. Оның жүзінен «Не айтып тұрсың? Есің бүтін бе?» дегенді аңғару қиын емес еді. Ләйла абдырап қалса да, тек азаматтық борышын орындағанын, мұғалімнің этика сақтауын сұрағанын айтып ақтала бастады.

- Сіздің педагогтық мамандығыңыз бар ма?
- Жоқ...орта мектеп қана бітіргенмін.
- Олай болса сіз қалай оқу, білім беру, тәлім-тәрбие беру туралы арнайы білімі бар маманға ақыл айтып отырсыз?
- Оның несі қиын...
- Түсінікті. Мына он екі томдағы жазбалар сіздікі ғой?
- Иә...
- Жақсы. Сіздің жауаптарыңыздың барлығы аудио-бейне таспаға жазылып жатқанын тағы бір есіңізге саламын. Инабат! Кіре бер.

Полиция формасындағы Инабат кабинетке кіргенде Ләйланың көзі шарасынан шығып кетті. Ләйланың үнсіз қалған сәті осы болатын, ұнжырғасы түсіп кетті. Екеуін беттестіру барысында барлық Инабатқа жазылған сөздер полицияда тіркеліп, құжатталып отырғаны көрсетіліп, оған психологиялық шабуыл жасалғаны дәлелденді. Алданова Ләйла сол күні уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Бұл қамау артынан үлкен шуға ұласты. Әлеуметтік желіде «Мұғалім өзі асылып өлсе, оған оқушының анасы кінәлі болуы керек пе?» деген және тағысын тағы жазбалар көбейді. Қазіргі кезде билік қоғамдық пікірмен көп санасады. Сен туралы бір жаман пікір айтылса, өзінді ақтап алу мүмкін емес және бұл жағдайдан ешкім сақтана да алмайды. Адамның құны тек бір ғана комментарий болып қалған кезде бұдан басқа не күтерсің.

Іс бітіп, сотқа жолданғанымен, оны соттың қарау уақыты бар, сосын барып сот процесі болады. Сот процесі еліміздің барлық телеарналарынан тікелей эфирде көрсетілетін болып шешілді. Барлығының назары осында, себебі, бұрын-соңды мұндай сот преценденті болмаған еді. Күдіктілер қатарында мектеп директоры Шара Максатқызы, дене шынықтыру мұғалімі Ғани Алматов және басты күдікті Ләйла Алданова бар.

Сот процесі қаңтар айының 8-і күні сағат 09:10-ға қойылды. Абылай да кабинетінде теледидар арқылы сот процесін қарауда. Иә, не дерің бар, сол сәтте эфирді бір сәтте бір миллионнан астам адам қарап отыр екен. Сот басталды, сот хатшысы сот төрағасы мен судьяларды, мемлекеттік айыптаушыны, сот процесіне қатысушыларды таныстырды. Мемлекеттік айыптаушы айыптау

тұжырымын оқыды, содан кейін дәлелдемелерді зерделеу, одан соң сот жарыссөзі басталды.

Мемлекеттік айыптаушы прокурор Мейірбек Сұлтанұлы былай деді:

«Құрметті сот төрағасы мен сот мүшелері, процеске қатысушылар! Бүгін біз осы залда тек бір ғана қателіктің емес, жүйелі немқұрайлылықтың, кәсіби сатқындық пен адам айтқысыз қатыгездіктің бір арнаға тоғысқан үлкен трагедиясын талқылап отырмыз. Біздің алдымызда үш бірдей айыпталушы отыр. Бірі Шара Максатқызы – лауазымдық қызметін немқұрайлы атқарған мектеп директоры, екіншісі Ғани Алматов – өлімге араша түсуі тиіс мектеп мұғалімі, үшіншісі – тасада

тұрып жап-жас қыздың тағдырын талқандаған киберкылмыскер Ләйла Алданова. Осы үшеуінің әрекеті мен әрекетсіздігі бір жазықсыз жанды – Дәулетова Самалды өлім туннеліне жетеледі.

Мемлекет пен қоғам Максатқызы Шараға ең қымбат қазынасын – балалар мен мұғалімнің өмірі мен қауіпсіздігін сеніп тапсырды. Ол жай ғана мектеп басқарушысы емес, заң бойынша сол ғимараттың ішіндегі әрбір адамның бас қорғаны болуы тиіс еді. Алайда, іс материалдары мен куәгерлердің жауаптарынан көргеніміздей, марқұм Дәулетова Самал өзіне төнген қауіпті сезініп, көмек сұрап, соңғы үмітпен осы директордың есігін қаққан. Ол жылап тұрып, желідегі үздіксіз құдалау мен кибербуллингке шыдай алмай жатқанын айтқан. Ал айыпталушы директор не істеді? Ол өз лауазымын, беделін және заңды міндеттерін мектептің және өзінің «жалған абыройын» сақтап қалу үшін құрбан етті. «Парақшанды өшір», «Бұл жай ғана интернет қой, уақытша нәрсе» – деп, мұғалімнің жанайқайын елеусіз қалдырды. Оның бұл әрекетсіздігі – қылмыстық салғырттық! Мектеп қабырғасындағы заңсыздықты жасырып, құқық қорғау органдарына хабарламағаны – оның қылмысқа салқынқандылықпен жол бергенін көрсетеді.

Екінші айыпталушы – Ғани Алматов. Ол – мектеп мұғалімі, ол – ұстаз, ол – оқушының ата-анасынан кейінгі екінші жанашыры болуы керек тұлға. Бірақ оның жасаған әрекеті кәсіби сатқындықпен тең. Іс материалдары мен айғақтар дәлелдегендей бұл мұғалім Дәулетова Самалдың көз алдында солып, өлім алдында шарасыз күй кешіп, өзіне қол жұмсау шегіне жеткенін нақты көрді. Ол Самалдың бойындағы ауыр депрессияны, жанайқайын сезді, бірақ саналы түрде бұл жағдайға араласпады. Ол өзінің заңды әрі адамдық міндетіне немқұрайлы қарап, көмек қолын созбады, басшылыққа немесе жедел жәрдемге хабар бермеді. Оның бұл қорқақтығы мен немқұрайлылығы Самалды соңғы үмітінен айырды. «Мені жақсы көрсең, өзіме қол салуға рұқсат бер», – деп, қияметтік шекарада тұрып хат жазғанда да бұл адамдық кейпінен жұрдай болғанын көрсетті. Ол оны тоқтатудың орнына, әрекетсіздік танытты. Ол құрбанның нәзік психологиялық күйін біле тұра, оны саналы түрде ажалға айдады. Қауіпті жағдайда қалған адамға көмек көрсетпеу – заң алдында кешірілмейтін қылмыс!

Ал енді осы трагедияның тікелей қолдан жауаушысы, заманауи технологиялардың тасасына тығылып, Дәулетова Самалға психологиялық террор ұйымдастырған айыпталушы Алданова Ләйлаға келейік. Ол фейк парақшалар ашып, монитор артына тығылып алып, күн сайын, сағат сайын Са-

малдың жан дүниесін құлазытып, оны тығырыққа тіреді. Бұл – жай ғана интернеттегі қалжың емес. Бұл – адамның рухын тірілей өлтіру!

Құрметті сот, іс материалдарындағы техникалық және IT-сараптама қорытындыларына қараңыздаршы. Мына сандардан адам шошиды! Айыпталушы Алданова Ләйла марқұм Самалдың телефонына 9751 рет қоңырау шалған. Тоғыз мың жеті жүз елу бір рет! Бұл – құрбанның күндіз де, түнде де телефон дыбысынан жүрегі ұша, зәре-құты қалмай, қорқынышта өмір сүргенінің дәлелі. Оған қоса, Инстаграм әлеуметтік желісінде Самалдың атына 7136 рет қорлайтын, намысына тиетін пікірлер жазған. Жеті мыңнан астам соққы! Әрбір қоңырау мен әрбір пікір – бұл істе мылтықтың оғындай рөл атқарған. Кибербуллинг – бұл көрінбейтін қару, ал бұл қаруды оқтаған – осы отырған Алданова Ләйла.

Құрметті сот! Қазіргі заманның басты қасіреті ол – басқаға тисе де, маған тимесе болды деген ұстаным. Қылмыс адамның әрекетінде және әрекетсіздігінде де болады. Әрбір жазылған комментарий, әрбір іс-әрекеттің артында үлкен жауапкершілік тұруы керек.

Қараңғылық орнатқандар жарық әлемде еркін жүрмеуі тиіс. Мына отырған үш айыпталушы Самал Дәулетова сияқты өршіл, арманшыл жастың көгін қараңғылық бұлтымен торлап, оның күнін сөндірді. Бірі құдалады, екіншісі көрсе де көмектеспеді, үшіншісі бәрін білсе де жасырды. Заңның әділ үкімі осы қараңғылықты сейілтуді тиіс. Әділдік жеңісі орнау керек. Үш қылмыскер де жазасын толық көлемде алуы керек! Назар қойып тындағандарыңызға рақмет!

Бұл сөздерден кейін Абылай сот процесін ары қарай көре алмады, тіпті, көргісі келмей теледидарды өшірді де ойға қалды. «Жеңіс дейді... Соқыр заң өз шешімін шығарды, үшеуінің де қолына кісен түсті. Бірақ, бұл жеңіс пе? Жоқ... Бұл – жеңіс емес сияқты. Бұл – біздің қоғамдағы адами қатынастардың тас-талқан болып жеңілгенінің ресми құжаты ғана сияқты.

Сот үстелі үстінде жатқан том-том іс қағаздарында тек айғақтар емес, Ләйланың телефонның әрбір пернесін басып, Самалдың жанын бөлшектеп жатқандағы суық күлкісі, директордың мектеп пен өзінің беделін ойлап, бөлмесінде тығылып отырғандағы қорқақтығы, әріптес мұғалімнің Самалдың сеніп жатқан жанаңарын көре тұра, тасбауырлыққа барғаны жатыр. Олардың әрқайсысы Самалдың мойнына ілінген жіптің бір-бір ұшынан тартып тұрды.

Біз қашаннан бері мына соқыр экранның, жылтыр телефондардың құлына айналдық? Көз алдымыздағы тірі адамның жанайқайын естімей, алыстағы белгісіз біреулердің тас атқан пікіріне табынатын қандай сорлы ұлтқа айналдық? Токсаншыны жылдары тоналғанда да, аштықтан қырылғанда да дәл осылай қатыгезденбеген едік қой... Енді келіп, өз баламызды өзіміз желінің ішінде тірідей мүжіп жейтін деңгейге жеттік пе?

Міржақып Дулатов атамыз заманында «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты» деп шырықап, тұтас халықты ұйқысынан оятуға ұмтылып еді. Ол заманның қараңғылығы – нағандық пен сауатсыздық еді, оны оқумен, көкіректі ашумен емдеуге болатын. Ал бүгінгі заманның қараңғылығы мүлдем басқа, әлдеқайда қорқынышты... Бүгінгі қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу, бірақ жүрегі мұз болып қатып қалған тәрізді.

Міржақып атамыз бүгінгі күнді көрсе не дер еді? Телефонның артына тығылып алып, бір-бірін тірілей мұжнтін, желіде жабылып жүріп жазықсыз қызды өлімге айдайтын мына безбұйрек ұрпақты көргенде қалай күңіренер еді? Технологиямыз дамып, әлемді уысымызда ұстаған сайын, адамдығымыз құрдымға кетіп бара ма, қалай? Көзіміз оянғанымен, мейіріміміз ұйықтап қалған емес пе? Самалды жұтқан сол мейірімсіздіктің, тас қараңғы қатыгездіктің құрдымы емес пе?

Қалтасындағы телефон қоңырауы шыр етті. Оның ұялы телефон экранына қарауға жүрегі дауаламай тұр. Тағы кім? Тағы қай жерде интернеттің артына тығылған құбыжықтар кезекті құрбанын аңдып отыр? Бұл папка, бұл іс те мұрағатқа өтер. Бірақ Самалдың ең соңғы «Маған рұқсат бер» деген сөзі менің өмір бойы ойымнан шықпас, сірә. Біз заңды орындадық, бірақ адамдықты сақтай алмадық. Құдай-ау, біз...

...Абылай департаменттен шығып үйіне беттегенде қаршаның ызғарлы желі көше бойына жарық төккен электр шамдары бағаналарын теңселте қозғап тұрған еді. Мына пенделердің бір-біріне деген жауыздығын, іштарлығын жасырғысы келгендей қыламықтап қар жауды. Қарды ұшыра қатты соққан желден электр желісі сымдары ызыңды үілге басқан. Тасуылмайтын бір мұңды әуен. Бейне табиғат та сыңсып жылап тұрғандай.

Бекмұхамбет ӘБДРАСУЛЛАЕВ